# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

13.09.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№35 (8149)



KÚN TÁRTIBI
БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ 2-бет

JEZQAZĠAN – 65
ҚАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОҚУ ОРНЫ 4-бет

RÝHANIAT
ТІЛДІК ТАНЫМДЫ АРТТЫРАТЫН ТӨРТ КІТАП 5-бет

TIRSHILIK
ЫСТЫҚ СУ БЕРУ ШЕКТЕЛЕДІ 7-бет


# ҚАЛА КҮНІ ГАЛА-КОНЦЕРТПЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

*65 жылдық тарихи кезеңінде өшпес өнеге мен толассыз тағылымға толы талай кезеңдер мен ұлы істердің ұйытқысына айналып, ел дамуының негізгі тірегі болған Жезқазған – Сарыарқаның сары ала төсіндегі киелі де қасиетті мекені, ырыс пен ынтымағы жарасқан әсем шаһар. Жезқазған – қойнауынан Жер-Ананың басты байлығының бірі мыс төгіліп, іргесінен құты кетпеген даңқты да жасампаз мекен. Мысты шаһардың көптен бері ел болып асыға күткен мерейлі мерекесі жоғары деңгейде аталып өтті. Мерейтой қарсаңында игі-жақсылар марапатталып, өнерге және спортқа байланысты түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Апта басында Кетбұқа би атындағы «Ақсақ құлан» І халықаралық күйшілер байқауынан басталған мерекелік шаралардың легі Алаш алаңында өткен «Жерұйығым – Жезқазған!» атты концерттік бағдарламамен қорытыланды.*

►►4-бетте









# ГАЗ ЖАҒАТЫН КҮН ЖАҚЫН

**«Сарыарқа» газ құбырынан көгілдір отын биылғы жылы Қарағанды, Теміртау, Жезқазғанға тартылады. Өңірде 756 шақырым құбыр төселді, қазір дәнекерлеу жұмыстары аяқталуға жақын. Бұл туралы Қарағанды облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.**



Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов жұмыс барысымен танысты. Облыс басшысына Жезқазғанда газ тарату желілерінің құрылысы басталғаны, ал Қарағанды мен Теміртау ол құрылғыларды салуға осы аптада кірісетіні баяндалды. Жаңаарқа, Шет, Бұқар жырау, Осакаров аудандарында және Шахтинск қаласында жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп жатқан көрінеді.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ұлантай Үсенов хабарлағандай, Қарағанды мен Теміртауда газ желтоқсан айының соңында, Жезқазғанда ол мерзімнен бір ай бұрын берілетін болады.

Облыс орталығында бірінші кезеңде Бадин және Олимпийская көшелері, Теміртау қаласында Сарыарқа көшесі газдандырылады. Жезқазғанда газ құбыры ең алдымен Талап ауылы мен Пристанционный елді- мекеніне тартылады. Келер жылы орталық жылу жүйесіне қосылмаған басқа да жеке тұрғын үй секторлары қамтылады.

– Барлық жұмыстарды мерзімінде аяқтауға үлгеру керек, егер проблемалар болса, тездетіңіздер, шешіңіздер. Сондай-ақ халықпен жұмыс істеу қажет. Адамдарға газды қалай қосуға болатынын түсіндіріңіз, бұл қаншалықты тиімді екенін түсіндіріңіз, оларға осы мәселе бойынша көмек көрсетіңіздер, – деп тапсырды Ерлан Қошанов.

Әзірге жылыту жүйесіне қажетті газ тек жеке сектордың тұрғындарына ғана қолжетімді болады. Уақыт өте келе көпқабатты үйлерге де тартылмақ. Шешімді кондоминиумға қатысушылар мен қызмет көрсетушілердің өздері қабылдайды.

Алдын ала есептеу бойынша, Қарағанды облысында бір текше метр газ бағасы 47 теңгені құрамақ.

Естеріңізге салсақ, «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы 2018 жылдың қараша айында басталды. Елді газдандыруды Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тапсырған болатын. Жалпы, Қызылордадан ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласына тартылатын «Сарыарқа» магистральді газ құбырының 80 пайызы Қарағанды облысының аумағымен өтеді. Соның арқасында облыстағы алты қалаға, яғни, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Шахтинск, Саран мен Абайға газ тартылады. Бұдан бөлек, облыстың 114 елді- мекенін табиғи газбен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

**Дархан МҰХАН**









# ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ ЗАҢНАМАҒА САЙ РЕТТЕЛЕДІ

**Жезқазған қаласы аумағында жер қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жауапты.**

Бөлім жер қатынастарына қатысты, атап айтқанда, иесіз жер телімдерін анықтау және есепке алу, жер телімдерін беру және олардың мақсатын өзгерту бойынша жергілікті атқару органының шешім жобаларын әзірлеу, жер сауда-саттығын (аукцион, конкурстар) өткізуді ұйымдастыру, облыстық маңыздағы қала жерлерінің балансын құрау жұмыстарын атқарады.

Бүгінгі таңда жер балансына сай, Жезқазған қаласына қарасты жер аумағы 859 872 гектарды құрайды. Оның ішінде Жезқазған қаласының аумағы – 176 097 гектар, қаладан тыс аумақ ауданы (Талап, Кеңгір, Сарыкеңгір ауылдық округтары) – 683 775 гектар.

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 534 755 гектар болса, оның ішінде бау-бақша егуге арналған 993 гектар, шаруа қожалықтарына арналған 416 596 гектар, мемлекеттік емес ауылшаруашылығы кәсіпорындарына арналған 117 166 гектар жер бар. Жер қоры 259 341 гектарды құрайды.

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, мемлекет меншігіндегі немесе жер пайдалануға берілмеген жер телімдерін беру немесе жер телімдерін жалдау құқығын беру конкурс, аукциондар арқылы жүзеге асырылады. 2019 жылдың басынан бері бөлім коммерциялық және басқа мақсаттарға арналған жер телімін сату бойынша екі аукцион өткізді. Аукционның өтетіндігі туралы хабарландыру жергілікті әкімдік сайты мен басылымдарда жарияланды. Аукцион нәтижесінде ауданы 1, 1648 гектар (11 648 шаршы метр) болатын 25 жер телімі сатылды.

Жыл соңына дейін осындай тағы екі аукцион өткізу жоспарлануда.

Сонымен бірге, қыркүйек айында ауылшаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша пайдалануға беру жөніндегі конкурс туралы хабарландыру жарияланатын болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелерімен қатар, көпті алаңдатқан жер мәселесіне қатысты да нақты бағыт-бағдарды файқындады. Қолданыстағы заңнамаға сай, ауылшаруашылығы мақсатындағы жер телімдері шет ел азаматтары мен шетелдік заңды тұлғаларға сатылмайды және жалға берілмейді.

Мемлекет басшысы Жолдауындағы негізгі басымдықтардың тағы бірі – пайдаланылмай жатқан жер телімдерін мемлекетке қайтару мәселесі. Жер қатынастары бөлімі осындай жер заңнамасын бұзушылықтарды анықтау бойынша жұмыстарды тұрақты түрде жүргізеді. Алдағы уақытта да бұл мәселе күн тәртібінен түспейді.

2018-2019 жылдары жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер телімдерін беру бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Осы уақыт ішінде жеке үй салу үшін жер арнайы есепте тұрған азаматтарға 600 жер телімі берілді.

Бұдан бөлек, келесі жылы 500 және 300 жер телімі бар қосымша екі аумаққа инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту жұмыстары аяқталмақ. Бұл өз кезегінде жеке тұрғын құрылысына арналған жер телімін алу жөніндегі кезекті біршама қысқартары анық.

Қорыта айтар болсақ, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап өткендей, жер – біздің негізгі байлығымыз және ол мемлекет қорғауында болады. Жерді пайдалану, күтіп ұстау, тағы да басқа қатынастар бекітілген заңнама шегінде ғана жүзеге асады.

**Ербол ҚҰСАЙЫНОВ,**
**«Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы**

# ҒҰЛАМАҒА АРНАЛҒАН КІТАП

**Биыл ұлы ғұлама Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына – 120 жыл. Осыған орай өткен жылдың күзінде Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Абылайұлы Ыдырысов Жезқазған-Ұлытау аймағы азаматтарының Қаныш Сәтбаев жайлы естеліктерін жинастырып, кітап шығару жөнінде бастама көтерген еді. Жуырда осы мақсат орындалды.**




Ел астанасындағы «Кәусар» баспасынан жарық көрген «Жүректерде жанған жұлдыз» атты кітапта Қаныш Имантайұлы туралы естеліктер, арнау өлеңдер мен әндер топтастырылған. Кітаптың құрастырушысы һәм жауапты редакторы Абдолла Дастанов болса, ал, редакторы – белгілі журналист Қуат Құрмансейіт.

Кітаптың 13 қыркүйекте, яғни, Сәтбаев қаласының күні қарсаңында оқырманға жол тартуы тіпті жарасымды болды.

**А.НҰРТАУҰЛЫ**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ БОРЫШ ЖҮКТЕМЕСІН АЗАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША АККАУНТТАР АШЫЛДЫ

**ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Facebook пен Instagram әлеуметтік желілерінде қазақстандықтардың борыш жүктемесін азайту бойынша ең өзекті мәселелерді түсіндіру үшін арнайы аккаунттар ашты.**

Борыш жүктемесін азайту мәселелері бойынша азаматтардың көптеген өтініштерін ескере отырып, аталмыш министрлік халықпен сындарлы диалог құру үшін арнайы аккаунт-алаңдарын құрды.

Осы тақырып бойынша сұрақтары бар азаматтар өзекті ақпаратты Facebook-тегі (https://www.facebook.com/Всё-о-снижении-долговой-нагрузки-103633851027565/) және Instagram-дағы (https: //www.instagram.com/p/B2O33d9Ag_U/?igshid=1a5ciudmyf0wk) «Бәрі борыш жүктемесін азайту туралы» аккаунттарында ала алады.

Бұған дейін хабарланғандай, борыш жүктемесінің төмендеуіне үміткер азаматтар өз мәртебесін келесідей тексере алатыны белгілі:

– Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі - ҚР Еңбекмині) ресми интернет-ресурсындағы http://www.enbek.gov.kz/ru/node/363149 сілтемесіне ЖСН енгізіп, сұрау жіберу арқылы;

– Электрондық үкімет порталының басты бетінде орналасқан «Борыш жүктемесін азайту бағдарламасына қатысу үшін мәртебені тексеру» электрондық сервисінің көмегімен. Ол үшін ЭЦҚ қажет болады;

– ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің базасында жұмыс істейтін **call-орталықта 111, 74-32-20, 75-01-79, 75-01-78 телефондары** бойынша консультация алу;

– Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну арқылы.

11 қыркүйектен бастап қазақстандықтар мемлекет есебінен қарыздар мен микрокредиттер бойынша берешекті өтеу мүмкіндігі туралы консультацияны:

– Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларынан;

– «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ және оның филиалдарынан;

–Облыстардағы, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық департаменттерінен ала алады.

## МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН 18 ФИЛЬМ ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мемлекет тарапынан өндірісіне қаржылық қолдауға ие болған киножобалардың тізімін мақұлдады.**

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдың 28 тамызында Нұр-Сұлтан қаласында ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті. Отырыста Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы ұйымдастырған бірінші іріктеу байқауының қорытындысы жасалды.

Ведомствоаралық комиссияның құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым, Сыртқы істер, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктерінің, қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының өкілдері кіреді.

Отырыс барысында өндірісіне қаржылық қолдау білдіру үшін Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының сараптама кеңесі мақұлдаған 60 киножоба туралы ақпарат тыңдалды. Аталған тізімдегі киножобалар – ұлттық фильм статусы талабына сай келетін, оның ішінде, ұлттың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын жоғары көркемдік деңгейлі, мемлекеттің ұстанымына сай келетін және оның кино өнері арқылы танымалдылығына ықпал ететін туындылар.

Сонымен қатар, маңызды аспектілердің бірі – кино Қазақстанда түсірілуі қажет, сонымен қатар отандық кинокомпаниялар басқа елдермен бірлесе де түсіре алады.

Отырыс нәтижесінде 12 әлеуметтік маңызы бар фильм іріктелді. Олар «Аллая нить судьбы», «Возвращение учителя» және «Туркестан – вчера, сегодня, завтра» деректі фильмі мен «Боксер», «Время патриотов», «Выбор», «Жизнь», «Қажымұқан», «Обучение Адемоки», «На старте», «Тырналар», «Хардкор» көркем киножобалары. Сонымен қатар, комиссия мүшелері «Огонь» дебюттік фильмін, «Ақын» және «Слепая любовь» бірлескен киножобалары мен «Каникулы оффлайн-2», «Нартай», «Спасение в степи» көпшілік көрермен аудиториясына арналған фильмдерін таңдады.

Мақұлданған киножобалар Мәдениет және спорт министрлігінің ұлттық фильмдер өндірісінің тақырыптық жоспарына еніп, бірыңғай оператор – Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы арқылы биыл мемлекет тарапынан қаржыландырылатын болады.

## ЛАТЫН ҚАРПІМЕН ДИКТАНТ ЖАЗДЫ

**Қарағанды облысында латын қарпіндегі жалпыхалықтық диктантқа 5 мыңнан астам адам қатысты.**

Еске салсақ, 10 қыркүйекте елімізде латын графикасы негізінде жалпықазақстандық ашық диктант өтті. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жобасы Жастар жылына арналып, диктанттың тақырыбы «2019 jyl – Jastar jyly» аталды.

Диктант ел аймақтарында бірмезгілде, сағат 11.00-де басталды.

Қарағанды облысында жалпы республикалық акцияға 5 мыңнан астам адам – студенттер, оқытушылар, мемлекеттік қызметкерлер, этномәдени бірлестіктердің өкілдері қолдау көрсетті. Қатысушылар Қарағанды қаласының Достық үйінде, оқу орындарында, аймақтық кітапханаларда жиналды. «Диктант жазу қиын емес. Достық үйінің лингафондық кабинетінде қазақ тілін оқимын. Бұл жобаға екінші рет қатысып отырмын. Ақпараттық технологиялар ғасырында уақыт өте келе алға жылжуымыз керек. Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабы. Бұл қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруына, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге және оның болашағын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті облыстық украиналық Т. Шевченко атындағы «Рідне слово» орталығының төрайымы Зеновия Красивская.

Жобаның мақсаты – жалпыұлттық бірлік пен келісімді нығайту, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға жәрдемдесу, халық пен қоғамды біріктіретін фактор ретінде мемлекеттік тілді үйренуге ынтаны арттыру.

## ҚАРАҒАНДЫДА АВТОБУС БАҒАСЫ АРЗАНДАДЫ

**Қарағанды автовокзалының жұмысында өзгерістер енгізілді. Жолаушылар үшін жағымды жаңалық – ел ішіндегі кейбір маршруттарға билеттер арзандады.**

Енді Нұр-Сұлтанға автобуспен 1200 теңге, Балқашқа 2800 теңгеге жетуге болады. Алматыда немесе Шымкентке сапар 5 570 теңге тұрады. Өскеменге дейін билет 7000 теңге, Семей 4 400 теңге, Павлодар 3000 теңгені құрайды.

Сонымен қатар «Қарағанды-Талдықорған» жаңа рейсі ашылды. 13 қыркүйектен бастап бұл бағытқа автобус күн сайын жүретін болады. Жөнелту уақыты: 23.00. Билет құны 8 500 теңге тұрады.

Бұған қоса «Қарағанды – Петропавл» бағыты қайта жанданды. Автобус аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері жүреді. Жөнелту уақыты: 15.40, Теміртау арқылы. Билет құны – 6 000 теңге.

Барлық маршруттарға билеттерді алдын ала сатып алуға болады. Ондай сатылымдар 30 күн бұрын басталады.

Билеттерді онлайн брондау және сатып алу тәулік бойы Интернет, интернет банкинг, qiwi, касса24 терминалдары арқылы банктік картамен жүзеге асырылады.

Автовокзал кассасы мен терминалдар сағат 06:00-ден 23:00-ге дейін түскі үзіліссіз және демалыссыз жұмыс істейді.

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРАЛАР, ҚҰРЫЛЫС, 50 ГРАНТ:

### *Абай мен әл-Фарабидің мерейтойлары қалай өтеді?*

**Дүйсенбі күні Ақордада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжиннің төрағалығымен Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.**

Отырысты ашқан Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин «Рухани жаңғыру» бағдарламасының маңызды бағыты ұлттың «мәдени кодын» сақтау болып табылады, бұл орайда, мерейтойлық іс-шаралар Абайдың рухани мұрасын сақтауға, зерделеуге және насихаттауға бағытталуы тиіс, – деп атап өтті.



Отырыста сөз сөйлеген Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Аймағамбетов, Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Данияр Ахметов, Ұлттық аударма бюросының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы жоспарланған іс-шаралар мен жобалар туралы баяндады.

Абай шығармалары шетелдердің іргелі тілдеріне және түркі халықтарының тілдеріне аударылып, жарыққа шығарылады. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы деректі фильмдер түсіріледі. ЮНЕСКО-ның Штаб-пәтерінде Қазақстанның үздік шығармашылық ұжымдарының Гала-концерті және танымал абайтанушы ғалымдардың қатысуымен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтеді. Мерейтойға арналған халықаралық конференция елордада өтеді. Мәдениет және спорт министрлігі және әкімдіктер ұлы ойшылдың мұраларын насихаттау бойынша театрландырылған қойылымдар, музейлік экспонаттар, кітап көрмелерін, шығармашылық конкурстар мен фестивальдер, айтыстар,экспедициялар, челленджер, флеш-мобтар және басқа да көптеген іс-шаралар жоспарлап отыр. Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры Түркия, Ресей және Қытайда «Абай» операсы қойылымын сахналайды.

Еліміздіңбарлық мектептерінде ашық сабақтар, шығарма жазудан, ақын өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқудан конкурстар өтеді. Абай шығармашылығын үздік білуге арналған оқушылар арасындағы жалпыреспубликалық олимпиаданың жеңімпаздары мен лауреаттарына Гумилев атындағы ЕҰУ мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқу үшін 50 білім гранты тағайындалатын болады. Олар елордада өтетін «Абай Балы» салтанатына қатысады. Мұғалімдер мен оқытушылар арасында Абай шығармашылығын оқытудың үздік әдістемесі бойынша да конкурстар өтеді. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында «Абай оқулары», конференциялар мен симпозиумдар, поэтикалық және әдеби фестивальдер, конкурстар мен олимпиадалар өткізіледі. Ғылыми жұмыстарды жүйелеу үшін ЕҰУ жанынан «Абай академиясы» құрылады, сондай-ақ, абайтану бойынша ғылыми гранттар көлемі ұлғайтылады.

Масс-медиада және интернет желісінде кең түрде тарату арқылы ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы бірнеше телевизиялық және радиобағдарламалардың және басқа да медиа өнімдердің шығарылымы жоспарлануда. Еліміздің шығармашылық одақтарының жұмысында Абай және оның мұрасы ерекше орын табуы тиіс. «Абайтану» бойынша бейне және аудио дәрістер топтамасы әзірленіп, «Абай әлемі» порталы жаңғыртылады.

Мерейтой барысында «Абай-Шәкәрім» мавзолей кешені, Абайдың музей үйі, Құнанбай қажы әулетінің қорымы жөндеуден өткізілмек. Облыс әкімдігі Абай ауданындағы бірнеше жол учаскелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин Мемкомиссияға Мемлекет басшысына үш бастамамен шығуды ұсынды: Семей қаласындағы әуежайға Абай есімін беру; әдебиет және өнер саласындағы мемлекеттік сыйлықты Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп өзгерту; Қазақстанның елшіліктерінің базасында «Абай орталықтарын» құру.

Үкімет Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспардың жобасын Мемлекеттік комиссияның қарауына 2019 жылдың 1 қазанына дейін енгізуі тиіс.

Сондай-ақ, Мемлекеттік хатшы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысын өткізді.

– Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында аталған ұлы есімдер ішінде әл-Фарабидің аты бірінші тұр. Оның мұрасы әлемдік өркениеттің игілігі болып табылады, – деп атап өтті Мемлекеттік хатшы отырыстың ашылуында.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Мұхтар Тілеуберді, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев мерейтой аясында жоспарланған жобалары туралы баяндады.

Мерейтой шеңберінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында онлайн журнал шығару арқылы фарабитанушылардың халықаралық орталығын құру жоспарлануда. «Әл-Фараби және әлемдік өркениет» атты халықаралық ғылыми симпозиумге дайындық басталды. Ұлы ұстаздың еңбектері аударылып, жарыққа шығарылады, деректі фильмдер мен телерадио бағдарламалар түсіріледі. Еліміздің барлық жоғары оқу орындарында, ғылыми және мәдени ұйымдарында халқымыздың даңқты тұлғасының мұраларын насихаттауға бағытталған конференциялар, симпозиумдер және басқа да көптеген білім, мәдени акциялар өтеді.

# СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ РЕКОРД ОРНАТЫЛМАҚ



**Қарағанды облысында бір уақытта екі мерейтойлық оқиға атап өтілмек. Олар – Жаңаарқа ауданының 90 жылдығы және қазақтың айтулы ақыны, жазушы Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығы.**

Мереке 14 қыркүйекте өтеді. Салтанатты шараларды Сәкен Сейфуллинге арналған ескерткіштің етегінде театрландырылған көрініс ашады. Мереке Атасу кентінен үш шақырым қашықтықта, Қарауыл төбе деген жерде жалғасады. Бағдарламада әртістердің өнер көрсетулері, ұлттық ойындар мен жарыстар, қазақстандық және шетелдік эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала-концерт қарастырылған. Мереке отшашумен аяқталады.

Жаңаарқалықтар мереке ерекше есте сақталып қалуы үшін Гиннестің рекордтар кітабына ену туралы шешім қабылдаған. Ауданда халық шеберлері он мың литр қымыз дайындамақ. Ерлер мен әйелдер ұлттық костюмдерде «Жаңаарқа вальсін» орындайды және бір мезгілде 1000 бөшкеде 10 мың литр қымыз араластырады. Аспаздық жетістікті тіркеу үшін Ұлыбританиядан сарапшылар келеді.

Сондай-ақ, «Бауырсақ» және «Палау» фестивальдері барысында тегін дәмнен ауыз тиюге болады.

Осы күні Сәкен Сейфуллиннің «Жыр сұңқары» атты мәнерлеп оқу байқауының жеңімпаздары марапатталады.

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ «ПИЛОТЫН» МОНИТОРИНГІЛЕУ КҮНДЕЛІКТІ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

**Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева Қарағанды облысына іссапармен келіп, әлеуметтік медициналық сақтандыруды апробациялауға қатысты кеңес өткізді.**

Естеріңізге сала кетейік, 1 қыркүйектен бастап Қарағанды облысында МӘМС жүйесінің пилоттық жобасы іске қосылды.

– Қарағанды облысында басталған әлеуметтік медициналық сақтандырудың пилоттық жобасы 2020 жылдың 1 қаңтарынан енгізілетін МӘМС жүйесіне барынша дайындалуға мүмкіндік береді. Сондықтан бізге осы жылдың соңына дейін қалған проблемаларды анықтап, олар бойынша жедел шешім қабылдау маңызды, – деді вице-министр Ләззат Ақтаева.

Қарағанды облысында Денсаулық сақтау министрлігінің, Медициналық сақтандыру қорының, әкімдіктің және өңірдегі Денсаулық сақтау басқармасының, сондай-ақ, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін біріктірген жобалық кеңсе құрылды.

Жобалық кеңсе «пилотты» іске асыруға қатысты төрт негізгі бағыт бойынша мониторингін жүргізеді: нормативтік-құқықтық актілерді, ақпараттық жүйелерді жетілдіру, сатып алу тәртібі, көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу, халықты ақпараттандыру.

– Біз үлкен дайындық жұмыстарын жүргіздік. Ақпараттық жүйелер интеграцияланған және медсақтандыруды цифрлық қолдауға толық әзір. Облыс халқының 98% интернеті бар медициналық ұйымдарға тіркелген. Аудандарға жас мамандар тартылды. Медқызметкерлерді МӘМС бойынша түрлі бағыттарда жұмыс істеуге дайындадық. Пилоттық жобаның алғашқы аптасы жаңа жүйеге дайын екенін растады – деді вице-министрге облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Нұрлыбаев.

Облыста мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында шалғай ауылдарды интернетпен қамтамасыз ету жобасы іске асырылуда, сонда спутниктік коммуникациялардың шығындары арзандау болады. Жалпы, облыс бойынша жыл соңына қарай 65 ауылдық денсаулық сақтау нысаны интернетке қосылады.

Медициналық сақтандыру қорының басқарушы директоры Нұрлан Қасымов атап өткендей, медициналық сақтандыруды тестілеуге дайындық шеңберінде МӘСҚ филиалы облыстың барлық денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесіп, тегін көмек пен МӘМС топтамаларын бөлуді есепке ала отырып, 2019 жылдың қалған 4 айында медициналық қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер енгізілді.

Қордың жұмысын цифрландырудың толық циклін қамтамасыз ету үшін 1 қыркүйектен бастап Қарағанды облысында Saqtandyrý ақпараттық жүйесі тестілеу тәртібінде іске қосылды.

– Пилоттық жобаның мақсаты – медициналық қызметтердің арнайы есебін жүргізу бойынша денсаулық сақтау саласындағы барлық ақпараттық жүйенің интеграциясын тексеру және МӘМС жүйесіндегі пациенттердің мәртебесін сәйкестендіру. Халықты МӘМС жүйесіне белсенді түрде тарту керек, енді медициналық сақтандырудың артықшылығы туралы айтудың қажеті жоқ, оны азаматтардың өзі көзбен көріп, байқауы тиіс, – деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі.

Кеңес барысында тұрғындарды өзектендіру және облыс халқының МӘМС жүйесіндегі мәртебелерін анықтау мәселесі талқыланды. Бүгінде 150,6 мың адам мәртебесі белгілі, енді 35 мыңға жуық тұрғынды сәйкестендіру керек.

МӘМС үйлестіру департаментінің мәліметінше, МӘМС кеңейтілген пакеті аясында медициналық көмектің кепілді көлемінен тыс қосымша медициналық қызметтер көрсетуге республикалық бюджеттен 2,3 млрд теңге бөлінді.

Күзден бастап облыс тұрғындары кеңес беру-диагностикалық қызметтерге қол жеткізді, оған дені сау ересектерді алдын ала тексеру және бейінді мамандардың балаларды тексеруі, сондай-ақ зертханалық және диагностикалық қызметтер кіреді.

Сонымен қатар, аймақтың тұрғындарына стационарды алмастыратын және жоспарлы стационарлық көмектің кеңейтілген тізбесі, кардиология, кардиохирургия, неврология, нейрохирургия, травматология және ортопедия сияқты бейін бойынша ересектер мен балаларды медициналық оңалту қолжетімді болады.

# СЕГІЗ АЙДА 29 МЫҢНАН АСТАМ БОС ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

**Қарағанды облысында жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралар нәтижелерін беруде. Жыл басынан бері өңірде түрлі мемлекеттік бағдарламалар бойынша 29 455 жұмыс орны ашылды. Болжам бойынша жыл соңына дейін бұл сан тағы төрт мыңға өседі.**

Бұл туралы облыс әкімдігінде өткен аппараттық жиналыста жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова мәлімдеді.

Оның айтуынша, жаңа жұмыс орындары мемлекеттік-жеке меншік әріптестік бағдарламасы бойынша Медициналық мекемелерді және Шет ауданында күн электр станциясын ашу есебінен пайда болады. Сонымен қатар ізденушілер «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыс саласында жұмыс істей алады. Жақында өңірде білім беру саласында жекеменшік балабақшалар мен қосымша білім беру мекемелері бос жұмыс орындары құрылады.

«Еңбек» бағдарламасы аймақтың 7 000-нан астам тұрғындарына көмектесті. Оған әр түрлі саладағы мамандар, сондай-ақ жастар тәжірибесіне жіберілген ЖОО мен колледждердің түлектері қатысты.

«Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша бес мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Өнеркәсіп саласында 4 960 жұмыс орындар құрылды. 3 275 адам аграрлық секторда жұмыс тапты. Бұл шағын несие түрінде қолдау көрсетудің арқасында мүмкін болып отыр. Ауыл кәсіпкерлері стартаптарды жүзеге асырып, өз бизнесін кеңейтуде. Әсем Жүніспекованың айтуынша, ауыл тұрғындары ірі қара мал мен құстарды өсіреді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында IT-салада тағы 100 бос жұмыс орны құрылды.

Жұмыспен қамтуға атаулы әлеуметтік көмек алушыларға да қолдау көрсетіледі. Оларға жұмыс тауып, не болмаса тегін кәсіпкерлік курстарына жібереді, ол аяқталғаннан кейін өз ісін ашуға грант немесе шағын несие алуға болады.

*Бет материалдарын дайындаған* **Дархан МҰХАН**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЛАМАСЫ



**Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде бүгінде 1500-ден аса студент білім алып жатыр. Ғылым, білім, экономика, саясат саласындағы жаңалықтарды көзден таса қалдырмайтын білікті мамандар мен білімді жастарды тәрбиелеп отырған жоғары оқу орны базасында да Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталған Жолдауын талқылау жиыны өтті. Жиынға университет ректоры, профессор Әбдімәлік Тәкішов, тау- кен ісі және металлургия кафедрасының профессоры Ниязғали Жайсаңбаев және профессорлық-оқытушылар құрамы мен студенттер, магистранттар қатысты.**

Жиын барысында Әбдімәлік Тәкішов Президент Жолдауда атап өткен бес негізгі бағытқа тоқтала келіп, қоғам арасында қызу талқыға түскен халықпен тиімді кері байланыс орнату, митингілер туралы заңнаманы жетілдіру, ауылдағы білім сапасын жоғарылату, зейнетақы жинақтамасына өзгерістер енгізу сынды күрмеуі көп мәселелер келешекте тарқатылатынына сендірді.

– Президент Қасым - Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын алғашқы Жолдауы қарапайым халыққа түсінікті тілде жазылған. Жолдауда Президентіміз ел ішін алаңдатқан барлық мәселелерге кеңінен тоқталды. Президент өз сөзінде «Өз түлектерін жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр. Сондықтан, олардың санын қысқарту мәселесін қарастыру керек» деп нақты атап өтті. Осы тұрғыда біздің университет түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіші 75-80 пайызға жетіп отыр. Былтырғы жылы ұйымдастырылған республикалық университеттер рейтингінде біздің Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті 100-ден аса ЖОО-ның ішінде 11-орынға тұрақтады. Осынау статистика негізінде университет түлектерінің жұмыспен қамтылуы және олардың еңбек ақы мөлшері есепке алынды. Соның ішінде жұмыспен қамтылуы жоғары мамандықтар тізімінде біздегі металлургия мамандығы екінші орынға, тау- кен ісі мамандығы үшінші орынға жайғасты. Сонымен қатар, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары үздік ондыққа енді. Бұл – әрине, мақтанарлық жағдай. Біздің университет – аймағымыздағы кадр мәселесін шешіп отырған басты білім ордасы. Дей тұрғанмен, біз бұл көрсеткіштерге масаттанбай бұдан да алға қарай ұмтылуымыз керек, – деді Әбдімәлік Тәкішов өз сөзінде.

Сондай-ақ, университет ректоры жаңартылған білім мазмұны, дуальді кәсіби білім беру, қашықтықтан оқыту бойынша сапалы білім жүйесін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық мәселелерін де назардан тыс қалдырмады.

– Қазақ тілі – біздің мемлекеттік тіліміз. Президент айтқандай, біз қазақ тілін тек мемлекеттік тіл дәрежесіне ғана көтеріп қоймай, әлемдік тілдердің қатарына қосуымыз керек. Мен қазақ тілінің әлемдік тілдердің қатарынан ойып орын аларына кәміл сенімдімін. Қасым-Жомарт Тоқаев Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жылдық, А.Құнанбайұлының туғанына 175 жылдық мерейтойларын да атап өтті. Біз осы құрметті бабаларымыздың мерекесін азан-қазан ысырапшылдық етіп емес, шын мәнінде олардың еңбектерін толық зерттеп, дәріптеп, ұрпақ санасына сіңіріп және әлем жұртшылығына насихаттай білуіміз керек, – деп толықтырды ол сөзін.

Жиын барысында тау- кен ісі және металлургия кафедрасының профессоры Ниязғали Жайсаңбаев пен экономика және қаржы кафедрасының аға оқытушысы Әлия Сәрсенова Жолдауға және жастар жылына қатысты өз баяндамаларын оқыды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛЕДІ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауынан осыны аңғардым. Мемлекет басшысы бюджет қаражатын тиімді жұмсау, мемлекеттік басқару, квазимемлекеттік сала кәсіпорындарының жұмысын ұтымды ұйымдастырудың тың жолдарын ұсынды. Бұл ретте Қасым-Жомарт қолға алынатын реформалардың сапасына да назар аудартты.

«Реформаны тек реформа үшін жүргізуге жол берілмейді. Әрбір министрде және әкімде нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштерінің тізімі болуы тиіс. Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізу деңгейі анықталады», – деді Мемлекет басшысы.

Енді Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысы жұмысына тиянақты, кәсіби білікті қызметкерлерді көтермелеудің осыған дейін қолға алынған механизмдері жалғасатынын айтты.

«Мемлекеттік қызметкерлердің сапасын арттыру үшін олардың қатарына жас даярланған мамандарды тарту қажет. 2020 жылдан бастап мемлекеттік қызметкерлер санын біртіндеп қысқартуға көшеміз. Одан босаған қаржыны пайдалы қызметкерлерді материалдық тұрғыда ынталандыруға бағыттаймыз. 2024 мемлекеттік қызметкерлер мен ұлттық компаниялардың жұмысшылар санын 25 пайызға, яғни төрттен біріне қысқарту керек», –деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бастамалары мемлекеттік қызмет сапасын арттырып, басқару саласында әділдік қағидаттарының орнауына жол ашады деген үміттемін.

**Рахыш ИДРИСОВА,**
**мемлекеттік қызмет ардагері**

# БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында жасаған халыққа Жолдауында елдің экономикалық әлеуетін арттыратын шағын және орта бизнесті қолдаудың нақты шараларын ұсынды. Бұл Жолдау сонысымен де құнды.

«Шағын және орта бизнеске қатысты рейдерлік жиілеп кетті. Менің бұл мәселе бойынша ұстанымым айқын. Бизнестің дамуына, әсіресе шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтіруге бағытталған кез келген әрекет мемлекетке қарсы қылмыс ретінде қаралуы керек. Осыған байланысты заңнамалық тұрғыда қосымша шаралар қабылдау керек. Парламент пен Үкімет бұл мәселені шешудің жолын ұсынуы қажет. Сонымен бірге, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-әрекетті күшейтіп, капиталды сыртқа шығаруға және салық төлеуден жалтаруға қарсы күресті қатаңдату керек»,– деді Президент Қ.Тоқаев.

Сондай-ақ, Президент бизнес саласын нақты қолдау тетіктерін атап өтті. Мәселен, жұмыс беруші есебінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына 5 пайыздық жарна аудару 2023 жылға шегерілсе, шағын бизнесті негізгі қызметке салынатын салықтан үш жылға босату ұсынылды. Сонымен бірге, келер жылдан бастап бизнес субъектілерін тексеруге 3 жыл мерзімге тыйым салынатын болды.

Бұдан бөлек мемлекет алдағы үш жылда «Бизнестің жол картасы» бағдарламасына 250 млрд теңге бөлуді қарастырып отыр.

Бұл бастамалар бірінші кезекте бизнес құрылымдарының тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, бірқатар әлеуметтік мәселелердің оң шешілуіне ықпал ететін болады.

**Ердәулет МҰХАМЕДИН,**
**кәсіпкер**

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

# РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНДАРЫНА ЕСКЕРТКІШ-ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

**Жезқазғандағы «Степлаг» лагерінде тұтқында болған Венгрия азаматтарының ұрпақтары мемориалды тақта орнатты.**



Құрамында саяси лагерьде тұтқында болғандардың ұрпақтары бар делегацияны Кеңес Одағына жер аударылған Венгрия саяси тұтқындары ұйымының жетекшісі, Венгрия парламентінің бұрынғы депутаты Эржебет Менцер, Венгрия ішкі істер министрінің бас кеңесшісі Густав Менцер, ішкі істер министрінің өкілі, кәсіби даярлықты дамыту жөніндегі ұлттық басқарма төрағасы Ласло Кучак, Венгрия Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігі ісі жөніндегі уақытша сенімді өкіл Шандор Дороги бастап келді.

Мемориалдық тақта «Степлаг» лагерінің орнында, қазіргі қалалық мұсылмандар қорымына барар жолдағы кешенге орнатылды. Мемориалды ескерткіштің ашылуында қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова сөз алып, қонақтарға саяси қуғын-сүргін тарихы мен Жезқазған аймағында тұтқында болғандар туралы баяндама жасады.

– 1997 жылдан бері 31 мамыр елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленген. Қазақстан ГУЛАГ жүйесіндегі ірі лагерьлер орналасқан ел болғаны тарихтан мәлім. Біздің елге әр жылдары 5 миллионнан астам адам күштеп әкелінді. Олар саяси лагерьлерде ауыр еңбекке жегіліп, ауыр жағдайларды бастан кешті. Сол зұлмат жылдар ұрпақ жадында мәңгі сақталуы тиіс. Қазақ халқында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар мен ашаршылық құрбандары миллиондап саналады. Халықаралық байланыстар аясында ол құрбандарды еске алуда, тарихтың қайғылы беттеріне саяси баға беруде әріптестік орнап, бірнеше мемлекеттен елімізге, оның ішінде Жезқазғанға қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары келіп, тарихи орындармен танысуда. Бүгін міне, қаламызға Венгриядан делегация келіп, осында жазықсыз қамауда болған отандастарына естелік белгі орнатып, соның ашылуында тұрмыз. Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпаққа өткен тарихты таныту үшін маңызды, – деді өз сөзінде қала әкімінің орынбасары.

Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатында сөз алған Кеңес Одағына жер аударылған Венгрия саяси тұтқындары ұйымының жетекшісі, Венгрия парламентінің бұрынғы депутаты Эржебет Менцер де репрессия жылдары Қазақстан мен Венгрия үшін ортақ қасірет екенін атап өтті.

– Қазақстанның саяси репрессия құрбандарының есімдерін ұлықтауға бағытталған саясаты құрметке лайық. Венгрияда саяси репрессия құрбандарын еске алу күні (5қараша) тек 2012 жылы ғана заңмен белгіленді. Саяси жүйе өзгергеннен соң тек 28 жылдан кейін барып қана Венгрияда саяси репрессия құрбандарына ескерткіш тұрғызуға мүмкіндік туды. Бүгінде Венгрияда бұл зұлматтан хабарсыз үшінші ұрпақ дүниеге келді. Қазір сол зұлмат жылдардың бар шындығы ашық айтылуы керек, – деген ол қазақстандық тараппен әріптестіктің оң нәтиже беріп отырғанын жеткізді.

Жиын барысында сондай-ақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің оқытушылары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Арайлым Мұсағалиева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Роза Мұсабаева сөз алып, Қазақстандағы саяси лагерьлер жүйесі, ондағы тұтқындар туралы баяндады. Венгрия Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігі ісі жөніндегі уақытша сенімді өкіл Шандор Дороги ынтымақтастық байланыстар үшін Қазақстан басшылығына, жергілікті мемлекеттік органдарға алғысын білдірді.

Ескерткіш ашылған соң, оған қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары гүл шоқтарын қойды.

**Өз тілшіміз**

КӘСІБИ МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

# ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛ

*жезқазғандықтарды қабылдады*

**«Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова төрағалығымен Қарағанды облысының әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Гүлнәр Қабдықәрімова қала азаматтарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.**



Биыл 27 маусымда Қарағанды облысының әкімі аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі қызметіне кіріскен Гүлнәр Қабдықәрімова халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Жезқазған қаласының әкімдігі ғимаратында мемлекеттік қызметкерлерге әдеп нормасы мен қағидаттары туралы семинар өткізген ол партия ғимаратында да әдеп этикеттерін сөз етті.

– Мен әрбір қазақстандық өз құқықтарын қорғау мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл жұмыс жасайтындығынан хабардар болғанын қалаймын. Біздің жұмысымызға мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс барысында өзін-өзі ұстай білуі, халықпен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы, жұмыс бабында дөрекілікке жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтан сақтану сынды көптеген мәселелер жатады, – деді ол өз сөзінде.

Сондай-ақ, уәкілдік өз жұмысымен таныстырып, Қарағанды облысы бойынша бес басшының үстінен әдеп қағидаларын сақтамағандығы үшін шағым түскендігін айтты. Қабылдау барысында Гүлзат есімді тұрғын келіп, шағым айтты. Гүлзат – көп балалы, жалғызбасты ана. Жақында ғана жұбайынан ажырасқан ол бес бала тәрбиелеп отыр. Үлкендері колледжде, мектепте оқиды. Сәтбаев қаласынан бір жыл бұрын Жезқазғанға көшіп келген ол балаларын балабақшаға орналастыра алмай отыр. Көп балалы ана жеңілдетілген электронды тіркеу тізіміне жетпіс бесінші болып тіркелген. Ал, жеңілдікке алғашқы қырық екі ана ғана ілініп отыр.

– Балаларым мен жұмыста болған кезде кішкентайларға қарап қалады. Соның салдарынан сабаққа кешігіп, мұғалімдерден жиі ұрыс естиді. Электронды тіркеуге тұрғызатын жердегі қызметкерлер маған: «Отыз мың теңге ақша тауып берсең, балаларыңды қалаған балабақшаңа орналастырып береміз», – деді. Мен – жалғызбасты анамын. Менде ондай ақша жоқ. Әрі олардың заңсыздыққа жол беріп отырғандығын көргенде ішім ашиды. Осылай балаларым балабақшаға бара алмай отыр. Оларды үйге қамап, өздерін жалғыз тастап кетуге мәжбүрмін. Бірақ, олар әлі естерін білмейді. Сол себепті олардың қауіпсіздіктері қатты алаңдатады, – деген Гүлзат осы тұрғыдан көмек сұрап келгендігін айтты.

Гүлнәр Қабдықәрімова Гүлзаттың мәселелерімен танысып, алдағы уақытта оларды шешуге атсалысатынын айтты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# «STREET WORKOUT» ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

**Көше фитнесі аталатын «Street workout» туралы естуіңіз бар ма? Workout-пен айналысу үшін сізге міндетті түрде кәсіби спортшы болу шарт емес. Арнайы ұйымдастырылған «Street workout» алаңына барып, кез келген уақытта спортпен шұғылдансаңыз болады. Бірақ, осынау көше спортымен айналысуға мүмкіндік беретін «Street workout» тренажерлерін кез келген қаладан таба бермейтініңіз анық. Енді осындай мүмкіндікке қол жеткізген қалалардың қатарында Жезқазған да бар. Наурыз саябағында 47 снарядтан тұратын заманауи «Street workout» алаңы ашылды. Алаңды орнату Жезқазған қаласы әкімдігі мен Қарағанды облыстық дзюдо федерациясының қолдауымен жүзеге асырылды.**



– Құрметті қала тұрғындары, сүйікті қаламыз Жезқазғанның 65 жылдық мерейтойы қарсаңында «street workout» алаңы ашылды. Бұның барлығы жезқазғандықтардың салауатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спортты дамытуы үшін жасалып отыр. Осы орайда, сіздерге зор денсаулық тілеймін, ешқашан ауырмаңыздар, спортпен шұғылданыңыздар! – деген қала әкімі Қайрат Бегімов барша тұрғындарды қала күнімен құттықтады.

Street workout алаңының жобасын дайындап, жүзеге асырушы маман Қазақстан Республикасының спорт қайраткері, еліміздегі Street workout федерациясының президенті, Қазақстан Халқы Ассамблеясының қолдауымен жүзеге асқан «Әр аулада – белтемір» жобасының жетекшісі – Рамазан Дүйсенбаев.

– Street workout-пен 2009 жылдан бері айналысып келемін. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Street workout федерациясын құрдық. Ал 2012 жылдан бастап кәсібилендірілген «street workout» алаңдарын құруды бастадық. 2014 жылы әлемде алғашқы болып street workout-тан Әлем чемпионатын өткіздік. Нұр-Сұлтан қаласында 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай «Сарыарқа» велотрегінде өткен бұл чемпионатқа әлемнің 75 елінен келген спортшылар қатысты. Біз құрған «street workout» алаңы арқылы жезқазғандықтардың спортпен айналысып, әлемдік ареналардан көрінуіне үлкен мүмкіндік туып отыр. Себебі, бұндай алаңдар елімізде көп емес, – деді Рамазан Дүйсенбаев.

Алаңның ашылуына Қарағанды облыстық дзюдо федерациясының президенті Евгений Кондратьев келіп, өз құттықтауын білдірді. Және спорт алаңының ашылу салтанатын жүргізуге Нұр-Сұлтан қаласындағы көпке белгілі өнерпаздар mr.Gri лақап атымен белгілі репэр Григорий Хлыстун мен Godunov деп танылған DJ Виталий Годунов арнайы шақырылды.



Нұр-Сұлтандық атлеттер Руслан Әкімбеков пен Халид Разяпов және шараның басты қонағы Серік Есматов «street workout» алаңында таңқаларлық күрделі трюктер жасап, жиналған жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.

Серік Есматов – Малайзияда өткен жасөспірімдер арасындағы параолимпиада ойындарының қола жүлдегері. Биыл 21-ге толған ол осыдан сегіз жыл бұрын жаттығудан қайтып келе жатқан сәтінде аңдаусызда пойыз астына түсіп, екі аяғынан бірдей айрылған.

– Біз Алматы қаласында арнайы осындай алаңда достарымызбен workout-пен айналысамыз. Біздің командамызда 40-қа жуық спортшы бар. Жезқазған қаласына мен осымен үшінші рет келіп отырмын. Сіздерді осынау қуаныштарыңызбен шын көңілден құттықтаймын. Қала жастарына үлкен мүмкіндіктер жасалуда. Сол үшін әрдайым алға ұмтылыңыздар, кезінде ата-анаңыздың бергенін қайтара алатындай дәрежеге жетіңіздер дегім келеді. Бастысы, өмірден өз орындарын дәл табуын тілеймін. Әрбір адам бойындағы «Менің» жоғалтпауы керек. Қайда және не үшін бара жатқаныңды білу – өте маңызды. Мақсатқа жетер жолда темірдей мінез болу керек, – деді Серік бізге берген сұхбатында.

«Street workout» алаңының ашылу салтанатында жиналған жұртшылыққа жергілікті жас турникмендерде өз өнерлерін көрсетті.

– Біз әкімдіктің қолдауымен Гагарин көшесі, 9 мекенжайында тегін жаттығу жұмыстарын жүргіземіз. Бізге тоғыз жастан бастап кез келген жасқа дейінгі workout спортымен айналысуға ниет білдіруші келе алады. Қазіргі күні біздің командамызда 50-ге тарта жас спортпен шұғылданады. Олардың қатарында қыздар да бар, – деді жаттықтырушы Сергей Финогеев.

Шара соңында ұйымдастырушылар жастар арасында серіппеден және белтемірге тартылудан сайыс ұйымдастырды. Сайыс нәтижесінде қырық екі рет серіппе жаттығуын жасаған Тимофей Грибов жеңімпаз атанды. Ал, белтемірге тартылу бойынша балалар арасында Рашид Алтаев, жасөспірімдер арасында Руслан Тельбаев жеңіс тұғырынан көрінді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

# САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ – УАҚЫТЫЛЫ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ

**Жезқазған қаласының Әділет басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Мемлекеттік органдардың жылжымайтын мүлікке меншік құқығын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды тапсыру уақытын өткізіп алмау фактісін болдырмауға бағытталған өзара әрекеті» тақырыбындағы дөңгелек үстелге мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері қатысты.**

Атап айтқанда, дөңгелек үстел басына қала тұрғындарына ең көп мемлекеттік қызмет ұсынатын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қарағанды облысы бойынша филиалы «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің Жезқазған қалалық бөлімі, қалалық сәулет және құрылыс бөлімі мен жер қатынастар бөлімі, сондай-ақ, жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексерудің Жезқазғандағы бөлімі мен қалалық тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметкерлері жиналды. Аталған органдар күніне жүздеген мемлекеттік қызмет ұсынады. Осы ретте, мемлекеттік қызмет көрсетудің заңда белгіленген уақыт мерзімі толық сақталуына қатаң назар аударылады. Өйткені, халықтың мемлекеттік мекемеге, мемлекеттік қызметкерге деген сенімі бәрінен жоғары.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырудың жолдарын қарастырған жиынды Жезқазған қалалық әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Құсайын Ағыбаев жүргізді. Ол қолданыстағы заңнамаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныстырып, сондай-ақ, дүниежүзілік банктің «Doing Business» рейтингісіндегі еліміздің көрсеткішін көтере отырып, өзара әріптестікті дамыту қажеттігін алға тартты.

Сұрақтарына тұщымды жауап алған дөңгелек үстел қатысушыларына жеке нотариус Сәуле Жанділдинова қала тұрғындарына мемлекеттік қызметті алу кезінде кездесетін қиындықтарды тізбектеп, қызмет алуды барынша оңтайлы әрі жылдам ету қажеттігіне назар аударитты.

**Бота ШАЛҚАР**

# МЕРЕЙТОЙ ГАЛА-КОНЦЕРТПЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Соңы. Басы 1-бетте



Қала күнін тойлауға тұрғындар өте көп жиналды. Мерекелік кеш жергілікті театр әртістерінің қатысуымен жобасын құрған сәттерін бейнелейтін театрландырылған көрініспен жалғасты. ЛЭД экран арқылы «Уақыт алға



ұйымдастырылған «Той-думан» композициясымен басталды. Азан-қазан ауыл көрінісі, қазан-ошақ басындағы бауырсақ, ет пісіріп жатқан келіндер, асық ойнап жүрген балалар, әңгіме-дүкен құрған ақ жаулықты әжелер мен ақсақалдар бейнесі нағыз қазақ ауылын еске түсірді. Осынау әсем көрініс одан әрі «Жезқазған – болашақтың қаласы» атты Қаныш Сәтбаевтың Наушабай ауылына келіп, қала жылжиды», «Бетегелі боз дала» композициялары көрсетілді.

«Алғабас» ансамблі мен Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншілері жастарды жалынды әндерімен жігерлендірді. Сахна төріне шыққан таэквондашылар, велосипедшілер, скейдбордшылар да көрермендер тарапынан үлкен қошеметке ие болды. Мереке сәнін одан әрі жас бишілер кіргізді.

– Бүгін қала халқымен қоса мен үшін де өте үлкен мереке. Мен Жезқазғаннан осыдан он бес жыл бұрын көшіп кеткен едім. Еңбек жолымды осындағы «Шашу» би ансамблінде биші болып бастадым. Бүгінгі шараға мені шақырғанына қуаныштымын. Би шеруіне «Шалқыма» би ансамблінен 150 биші қатысты. Біз бүгін «Жезқазған – бишілердің қаласы» деген қағиданы тағы бір мәрте дәлелдедік деп ойлаймын. Қала да, бұндағы хореография да жыл сайын дамып келеді. Қала жастары әлі де баяғыдай өнерлі екен, – деді өз сұхбатында театрландырылған би қойылымының қоюшы режиссері Тәуіржан Рахат.

Мерекелік концертте «Диндалле» корей халықтық ансамблінің бишілері де жұртшылық қошеметіне ие болды. Қаламыздың дарынды жастары «Кулинарлар биін» билеп, 65 жылдық мерейтойға арналған торт шырағын үрледі.

Сахна төріне мерекеге арнайы шақырылған республикаға белгілі танымал әншілер көтерілді. Кеш тізгінін одан әрі белгілі сықақшы, актер Еркебұлан Мырзабеков пен жас та болса түрлі отандық өнер жобаларына қатысып танылып жүрген актер Серік Шәріп ұстады.

– Мен Жезқазған қаласына екінші рет келіп тұрмын. Соңғы рет осыдан екі жыл бұрын «Қазақмыс» корпорациясы ұйымдастырған концертке қонақ болдым. Әрбір өнер адамы, әсіресе кеш жүргізушілері шара барысында көрермендер тарапынан жылы көзқарастың болғанын қалайды. Міне, Жезқазған халқы дәл осындай. Жезқазғандықтар келген қонақты әрдайым жылы шыраймен қарсы алады және өздерін өте жақсы ұстайды. Мен үшін Жезқазған – еңбекқор адамдардың қаласы. Қала жыл сайын дамып келеді. Барша жезқазғандықтарды 65 жылдық мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын, – деді кеш жүргізушісі Еркебұлан Мырзабеков газетімізге берген сұхбатында. Жас әктер Серік Шәріп те қаламызға алғаш келгендігін айтып, барша тұрғындарды айтулы мерекемен құттықтады.

– Өкінішке орай, Жезқазғанға көптен жол түспей жүр еді. Бүгінгі 65 жылдық мерейтой туған жеріммен қауышуыма себепші болды. Мен жүрген жерімде жезқазғандық екенімді үлкен мақтанышпен айтып жүремін. Барша жерлестерімді көптен күткен керемет мерекемен құттықтаймын. Қала халқына зор денсаулық, үлкен қуаныштар тілеймін. Құрметті жезқазғандықтар, сіздер тек жақсылыққа лайық жансыздар! – деп ыстық лебізін білдірген Айша Байбосынова да Жезқазған аспанын әсем әндерімен тербеді.

– Жезқазғанда екі жыл қатарынан жеке ән кешімді ұйымдастырдым. Биыл байытушылар күнінде де жерлестеріммен сағына қауышқан едім. Мен жүрген жерімде «Ұлытаудың ұлымын!» деп мақтанышпен айтамын. Жезқазған – мен үшін еліміздегі ең ыстық мекендердің бірі. Алдағы уақытта Жезқазған Қазақстандағы басты шаһарлардың қатарынан ойып орын алатынына сенімдімін, – деген Қуандық Рахым да барша жезқазғандықтарды мерекемен құттықтады.

Мерекелік кеш сәнін одан әрі қазақ эстрадасының өнерлі қыздары Роза Рымбаева, Мадина Сәдуақасова, Дана Кентай кіргізіп, ән шашуларын ұсынды.





Көп болып күткен мерекелік концертте қала халқы арнайы қойылған лазерлі шоуды тамашалады.

– Мен барлық Жезқазған қаласының тұрғындарын бүгінгі ғажайып мерекемен құттықтаймын. Менің Жезқазғанда тұрып жатқаныма 50 жылдан асты. Осында балаларым, немерелерім бар. Осында өстік, өндік. Аяулы Жезқазғаныма алғысым шексіз. Бүгін қала халқына мерекелік көңіл-күй сыйлап жатқан қала әкімі мен ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – деген қала тұрғыны Ғабит Қорабаев кеш барысында жастық шағын еске алып, кешегі және бүгінгі Жезқазған келбетін сипаттап берді.

Мерекелік концерт әсем отшашумен қорытыланды.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖЫР АРҚАУЫ

**Жақсы өлең ғана адам жанына жалау, көңілге демеу болары сөзсіз. Поэзия атты тұнық теңіз айдынында да жезқазғандық ақындар кемесінің желкені де биіктен көрінеді. Соның бір дәлелі қала күні «Ғарышкерлер» бульварын ақындар жырмен көмкерді.**



«Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасы аясында ұйымдастырылған поэзия кеші «Туған қаламды жырлаймын!» тақырыбында өтті. Шараға тек аймағымызға ғана емес, республикаға белгілі жезқазғандық ақындар қатысып, мысты шаһардың 65 жылдығына арналған жыр жауһарларынан шашу шашты. Батырбек Мырзабеков, Сара Смағұл, Кенжебай Ахметов, Ғазиз Ештанаев, Светлана Жумкина, Гүлсін Айдарбекова, Дәуренбек Бұланбаев, Гүлнәр Өтегенова бастаған аға буын өкілдері жиналған қауымды жалынды жырларымен сусындатып, кеш мазмұнын байытты. Алесь Черкасов, Валерий Попов, Татьяна Сергушова, Сергей Беляев, Оксана Идрисова да туған қаламызға арналған өлеңдерін оқып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Ақын аға-әпкелерінің жолын жалғаған жас ақындар да жыр шоқтарын маздатты. Жас болса да, көптің қошеметіне бөленіп жүрген Жанат Әбдіғожин бастаған жас ақындар Айгерім Сламбек, Аружан Оралбай, Абдолла Саят, Бақытхан Нұрғалиев, Самат Туғанбаев кеш барысында қаламызға арналған жыр шумақтарын ортаға салды.

Сондай-ақ, шара барысында Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншісі Мира Сабырқызы мен «Жезқазған маржандары» хор ұжымы қаламызға арналған әндерін орындап, көрермен қошеметіне бөленді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЖАС СУРЕТШІЛЕР САЙЫСЫ

## *Жезқазғанның 65 жылдығына арналды*

**Көптен күткен қала мерекесін мысты шаһардың жас суретшілері де үлкен қуанышпен қарсы алды. 65 жылдық тарихы бар Жезқазған келбетін қала мектептерінің оқушылары мен қосымша білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері қылқаламмен өрнектеді.**



«Жезқазған, саған арналады» деген атаумен өткен сайыста жас суретшілер қағазға және асфальт бетіне сурет салды. Сайысқа №1, №5, №8, №9, №10, №11, №13, №21, №26, №133 мектептер мен қаламыздағы балалар мен жасөспірімдер сарайы және балалар өнер мектебінің он төрт жасқа дейінгі өнерлі өрендері қатысты. Сайысқа Жезқазған қаласының балалар өнер мектебінің бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі Рубина Жұмабаева, балалар мен жасөспірімдер сарайының ИЗО үйірмесінің мұғалімі Наталья Сыч, балалар өнер мектебінің бейнелеу өнері бөлімінің мұғалімі Гүлсім Қабылова төрелік етті.

– Мен жас суретшілердің Ресей Федерациясының Челябинк қаласында өткен Халықаралық байқауында I орын жеңіп алдым. Сондай-ақ, Алматы қаласында өткен «Жеті өнер» балалар мен жастар шығармашылығы фестивалінде де бас жүлдеге ие болдым. Сурет салғанды өте қатты жақсы көремін. Менімен бірге балалар өнер мектебінде бейнелеу өнері бойынша сабақ алатын достарымның барлығы дерлік талантты. Мысалы, достарым Күнсұлу Кештаева, Жансерік Сағынбек те республикалық жас суретшілер байқауының жеңімпазы, – деген Дильниза Бөлекбаева барлық жас суретшілерге сәттілік тілеп, туған жері Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Сайыс қорытындысы бойынша асфальт бетін әдемі суретпен безендірген №11 ЖББОМ бас жүлдені жеңіп алды. I орынды Қ.Шыңғысов атындағы №5 ЖББОМ, II орынды №1 ЖББОМ, III орынды №26 мектеп-гимназиясының оқушылары иеленді. Сурет салу сайысына өнерлі балаларды алып келіп, жетекшілік еткен ұстаздар қауымы да марапатсыз қалмады. «Үздік мазмұнды сурет» номинациясына №13 ЖББОМ ұстазы Қарлығаш Жағыпарова, «Шынайы шығармашыл» номинациясына №21 ЖББОМ ұстазы Ақтолқын Байтенова ие болды. Сондай-ақ, ерекше белсенділік танытқан ұстаздар Базаркүл Әшірбекова, Сандуғаш Байдаулетова, Бағила Исмайлова, Гүлмира Қуанышова, Алтынұя Көкенайға Алғыс хаттар табыс етілді. Ерекше ұйымшылдығымен көзге түскен № 8 гимназия мен №10, №133 ЖББОМ ұжымдарына да Алғыс хаттар табыс етілді.

Қағаз бетіне қылқаламмен жан бітірген балалар мен жасөспірімдер сарайы мен балалар өнер мектебінің жас суретшілері де марапатсыз қалмады. «Үздік мазмұнды сурет» номинациясын Кирилл Касаткин, «Үздік тақырыптық шешім» номинациясын Ақбота Мұқеева, «Ең мазмұнды сурет» номинациясын Күнсұлу Кештаева, «Үздік композициялық шешім» номинациясын Айша Жүрсін, «Белсене қатысқаны үшін» номинациясын Гүлжаһан Тойбек, Олег Мельников, Ерік Байқоңыров иеленді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Жезқазған политехникалық колледжі қаланың ең алғашқы оқу орны екенін бүгінде біреу білсе, біреулер білмеуі мүмкін. КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен 1953 жылдың 1 қыркүйегінде құрылған кешкілік білім беретін Жезқазған құрылыс техникумы құрыш қолды кәсіби мамандар даярлауда айтарлықтай маңызға ие болды. Уақыт талабына орай әуелде құрылыс техникумы ретінде ашылған білім ұясы әр кезеңдегі өзгерістер мен қайта құрылуларды бастан өткерді. Техникумның 1957 жылы күндізгі бөлімі, 1962 жылы сырттай оқу бөлімі ашылды. ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы қаулысы негізінде сол жылдың 22 мамырында Қарағанды облыстық білім басқармасының бұйрығымен Жезқазған құрылыс техникумымен Сәтбаев қаласының тау-кен техникумы және Талап совхоз-техникумының біріктірілуі нәтижесінде Жезқазған аграрлық-техникалық колледжі болып қайта құрылды. Ал, 2005 жылдың 15 сәуірінен бастап облыстық білім департаментінің №197 бұйрығымен оқу орнының атауы Жезқазған политехникалық колледжі болып өзгерді. Ең бастысы, оқу орнын бітірген білікті мамандар Үлкен Жезқазғанның қанат жайып, қарыштап өсуіне өз үлестерін қосты. Қаламыздың 65 жылдығы аясында ежелгі оқу орнына арнайы барып, колледж директоры, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері Бота Мәлікаждарқызы АМАНМЕН әңгіме барысында білім ұясының өткен тарихы мен бүгінгі жетістіктерін кеңінен қаузаған едік.**

# ҚАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ОҚУ ОРНЫ

Бота Мәлікаждарқызының өзі осы оқу орнының түлегі екен. Техникумды 1993 жылы бітірген соң осында бухгалтер болып еңбек жолын бастапты. Одан әрі бас бухгалтер, оқытушы, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары жолдарынан өтіп, 2018 жылдың 1 қазанында колледж директорлығына тағайындалған. Ол еңбектен қол үзбей жүріп Ө.Байқоңыров атындағы ЖезУ-ін экономист-менеджер, Қаржы министрлігі Академиясы жанындағы Алматы нарық институтын экономист-бухгалтер мамандықтары бойынша бітірген. Сонымен қатар, колледжді 20 жылдан аса басқарған білікті педагог, Қазақстан Республикасының білім беру үздігі Цой Владимир Леонидовичтен үйреніп, айтарлықтай тәжірибе жинақтаған көрінеді. В.Цойдың басқарған жылдарында колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтып, оқу-тәрбие ісін жетілдіру жолында айтарлықтай еңбек сіңіргеніне ұжым мүшелері аса риза. Одан бұрынғы басшылардың да колледж тарихындағы орны ерекше. Техникумның алғашқы бастауында тұрған В.В.Ильин, А.А.Апарин, Б.Д.Дүйсеков, С.М.Қаженов, К.С.Сабырова сынды директорлардың есімдерін де бүгінгі ізбасарлары құрметпен атайды.

Бүгінде колледж құрылыс, көлік, экономика, тау-кен өндірісі сияқты сан түрлі салалар бойынша мамандар даярлайтын іргелі оқу орны саналады. Мәселен, мұнда үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану мамандығынан бастап, сылақшы-сырлаушы, қазандық және шаң тұту цехтарының слесарі, жылу технигі, электрондық есептеу машинасының операторы, техник-бағдарламашы, жүк, тауар кассирі, электрмен жабдықтау, теміржол көлігімен тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару мамандары тәрізді экономика мен өндіріске қажетті көптеген кәсіби мамандықтар бойынша оқыту жүйелі жолға қойылған. Инновациялық ортаны қалыптастыра білген колледж халықаралық стандарттар деңгейіне сай келетін қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз етуге кепілдік бере алады. Бұл тұрғыдағы қол жеткен жетістіктері де аз емес. Республикалық Ұлттық-бизнес рейтингілері одағының бағалауы бойынша колледж «Сала көшбасшысы – 2015» және «Сала көшбасшысы – 2019» сертификат-куәліктеріне ие болған. Заман талабына сай білім беруді қамтамасыз ете білген политехникалық колледж 2017 жылы Институционалдық және мамандандырылған арнайы аккредиттеуден ойдағыдай өтіп, 5 жылға жарамды сертификат алған болатын. Колледжде барлық мамандықты модульдық бағдарлама бойынша деңгейлетіп оқыту жүзеге асырылған. Оның мәнісі, оқу орнының түлектері бірнеше кәсіби біліктілікті қатар алып шығады.

Колледжде білім беруге қатысты жаңашылдықтар батыл қолға алынуда. Өңірдегі сұранысқа байланысты өткен жылы жаңадан екі мамандық ашылыпты. Олар – «Электрмен жабдықтау» және «Төтенше жағдайлардан қорғау» мамандықтары бойынша оқыту. Биылғы оқу жылында «Қолданбалы бакалавриат» жол картасы бойынша екі мамандыққа оқушылар қабылданыпты. Бұл оқушылар орта білімнен жоғары деңгейдегі білім және кәсіби мамандық алып шығады. Сондай-ақ, бітіргенде жоғары оқу орнына баратын болса 1 жыл ғана оқиды. Бакалавриат – заманауи, келешегі бар, толыққанды және сапалы білім алу жөнінен әлемнің барлық дамыған елдері мойындаған ұтымды бағыт екені белгілі. Осыған байланысты ЖезУ, «Самға» ЖШС және колледж үшеуі үшжақты келісім шартқа отырған. Онда бакалавриат бітіргендердің әрі қарай жергілікті университетте оқуы және «Самға» серіктестігі арқылы жұмысқа орналасуы қарастырылған. Жезқазған политехникалық колледжі «Жас маман» жобасына қатысуда. Мұндағы мақсат – колледж базасында құзыреттілік орталығын ашу. Бір айтарлығы, бұл жаңа жобаға қала бойынша осы колледж ғана қатысып отыр екен.

– Біздің ұжымның басты ұстанымы – білім мен ізденісті ұштастыратын инновациялық ортаны қалыптастыра отырып, сапалы әрі тиімді кәсіби білім беруді қамтамасыз ету. Колледжде бүгінде 60-тан аса адам еңбек етсе, оның ішінде жоғары санатты 21, бірінші санатты 19 оқытушы бар. Сондай-ақ, 12 мұғаліміміз екінші санатты, 5 адам магистр дәрежесіне ие. Лайықты еңбектеріне орай 3 оқытушымыз Білім беру ісінің үздігі атанса, 4 оқытушы ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері атағына ие болды. Көптеген педагогтер Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім беру басқармасының және облыс пен қала әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. «Ы. Алтынсарин» атындағы төсбелгісімен марапатталған О.К.Біржанованы, білім беру ісінің құрметті қызметкерлері Г.К.Ерубаеваны, К.Б.Жұмабаеваны, халықаралық «Білім негіздері» олимпиадасында топ жарып, марапаттарға ие болған Л.В.Исакова, С.Б.Сәрсенбаева, Қ.Б.Жақыпова, Н.Ж.Тәтібасова сынды ұжым мақтанышына айналған оқытушыларымыз аз емес. Тәжірибелі ұстаздар мен жас мамандарымыз бірлесе ізденіп, заман талабына сай бәсекелестікке төтеп бере алатын мамандар даярлап шығаруды басты мақсат деп біледі. Бүгінде колледж 9 мамандық бойынша оқытады. Жоғары дәрежелі колледж дәрежесін аламыз ба деген үміт бар. Бұл жөнінде Білім министрлігімен тиісті жұмыстар жүргізілуде. Негізінде біздің оқу орнының ерекшелігі тәжірибелік практикаға уақыт көп бөлінеді, оқушылардың кәсіби дағдыланып, қалыптасуына мүмкіндік мол. Бітіргендердің 70% жұмысқа тұрса, 15% жоғары оқу орындарына түсіп білім алуды жалғастырады. Қаламен құрдас дерлік білім ұясынан түлеп ұшқандар құрылыста, өндірісте және басқа да салаларда еңбек етіп, өз қолтаңбаларын қалдырғанын мақтанышпен айта аламыз, – дейді колледж директоры Бота Аман.

Иә, айтса айтқандай, ұзақ жылдар Жезқазған құрылыс техникумы ретінде танылған оқу орнының дамуы мен қалыптасуы қала тарихымен және өңірдегі өндіріс салаларымен тығыз байланысты. Білім ұясын 65 жыл ішінде 10 мыңнан аса түлек бітіріп шықса, олардың ішінде Қазақстанның құрметті құрылысшылары Науан Нысанбаев, Әшірәлі Нұрымов, Д.Н.Сельский, Х.А.Тұрлыбаев сияқты қаламыздың қанат жайып, дамуына үлес қосқан жандар көп. Бүгінде мемлекеттік қызметтерде және өндірісте басшылықта жүрген қала тұрғындарына танымал С.Т.Медебаев, М.С.Шәкен, Е.Б.Қатжанов, М.К.Ешбаев тәрізді азаматтар да кезінде осы техникумнан түлеп ұшқандар. Биыл колледжге мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын 9 бітірген 140 бала, 11-сынып бітірген 15 бала қабылданып, оқуға кірісті. Олар да күні ертең өмірден өз орындарын тауып, аға буынның өнегелі жолдарын жалғастырары сөзсіз.



Колледждің материалдық оқу базасы бүгінгі талаптарға сай. Заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған 4 зертхана жұмыс істейді. Оқу-өндірістік гараждың жабдықтары жаңартылған. Оқу кабинеттері соңғы үлгідегі компьютерлермен жабдықталып, ғаламтор желісіне қосылған. Шығармашылық пен ізденіске мүмкіндік мол. Кітапхана, оқу залы, асхана, спорт залы мен мәдени-мәжіліс залы, медпункт оқушылар игілігіне сай қызмет көрсетеді. Сырттан келген балалар үшін 32 орындық жайлы жатақхана бар. Колледжде «Адалдық дүңгіршегі» ашылған. Өзіне - өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Оқушылар ЦОН-ға сабылмай-ақ қажетті құжат-анықтамаларын осы жерден ала алады. Қаланың рухани-мәдени өміріне белсене қатысатын жастардың айтарлықтай жетістіктері де аз емес. Мәселен, студенттер лигасы бойынша спартакиадада колледж спортшылары 3 жыл қатарынан бірінші орыннан көрініп келеді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында халыққа арнаған Жолдауында білім беру сапасын жақсарту жайлы айта келіп: «Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет...Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктер аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек» деді. Міне, осы тұрғыдағы міндет Жезқазған политехникалық колледжінің де басты бағдары болып отыр. Қаламен бірге жасап келе жатқан Іргелі оқу орнының ұйымшыл ұжымы жаңа талаптарға іспен жауап беруге тас-түйін әзір.

**Амандық РАХҰЛЫ**
*Суретте:*
**Колледж директоры Б.М.Аман**

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

# ТІЛДІК ТАНЫМДЫ АРТТЫРАТЫН ТӨРТ КІТАП

**Ең көп қолданыстағы тіл – ағылшын. Ендеше, ғылым мен білімнің қайнар көзі де осы тілде жатыр. Кез-келген ғылыми жұмыс, жаңалық, зерттеулер бірінші ағылшынша жарық көреді. Сондықтан болар, оқу-білім іздегеннің бәрі мұхит асуға құлықты. Алайда, сол білімді елде жүріп, ана тілімізде алуға мүмкіндік пайда болса ше?! Жеті құрлықты аралаудың әсте қажеті болмай қалады. Әрине, ел жастарын жат жерге жібермеу үшін мемлекетте сапалы білім алуға жағдай жасалуы тиіс. Соның бастамасы – әлемдік бестселлерлерді қазақша сөйлету.**

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындаған тың бастама осындай маңызға ие. Десе де, «100 жаңа оқулық» жобасы талапты жастарды шетелге жібермей, сыртқа кететін миллиондарды қазынада қалдырып сараңдыққа бару деген сөз емес. Бұл қазақ баласының барлығы бірдей әлемдік білімді бойларына сіңіріп, ғаламшардағы ең құнды әрі қолжетімсіз оқулықтармен таныстыру. Өйткені, кәсіби білімнен гөрі жастардың көкірек көзі ояу, пайым-парасаты жоғары болғаны жөн. Сонда ғана елдің келешегі кемел, ғұмыры баянды болмақ. Елбасы аталған бастама бойынша ең бірінші саясаттану, тарих, әлеуметтану және философия, мәдениеттану, психология мен филология ғылымдарында оқып жүрген жастарға толыққанды білім беру қажеттігін айта келіп, осы салаларға жан бітіретін 100 кітаптың аударылуын тапсырды. Осы ретте, қазақ тіліне аударылған лингвистикалық кітаптар тізімін назарларыңызға ұсынамыз.

### Байыпты бастама

Бұл бастама қолға алынғанда алдымен филологтар орнынан өре түре келді. Себебі, ақсап тұрған аударма ахуалы біршама реттелетін болды. Сондай-ақ, егемендік алғаннан бері техникалық мамандықтарға мән берген биліктің гуманитарлық салаға көңіл бөлуі ерекше жайт болды. Оның үстіне, Елбасы: «Ең алдымен – жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады. Әлемнің үздік 100 оқулығының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек. Бұл – мемлекеттің міндеті. Үкімет мұны аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек» деген болатын. Расында, мұның барлығы қоғамда толғағы жеткен, түйіні тарқамаған мәселелер екені даусыз. Кейінгі жылдары индустриалдық-инновациялық дамуға екпін берудің әсерінен жоғары оқу орындарында гуманитарлық ғылымдарға назар аударылмай қалды. Еліміздің іргелі оқу ордаларында тарих, әлеуметтану, саясаттану, психология, философия, мәдениеттану секілді өз алдына дербес гуманитарлық бағыттар «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасына» топтастырылды. Осылайша, гуманитарлық пәндердің мән-маңызы жоғала бастады. Дегенмен, бұл бастама оқу бағдарламасында жіберілген осындай олқылықтың орнын толтыруға септігін тигізбек. Міне, осы арқылы қоғамның барлық мүшесін рухани кемелденуге, өмір сүруге үйрету, мәдениет пен өнерге баулу жұмыстары қайта жаңғыра бастады.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық» келешек ұрпақтың саяси белсенді, интелектісі жоғары, діни сауатты, өз құқықтары мен міндеттерін білетін, ортаны сыйлай алатын, елін шексіз сүйетін нағыз азаматқа айналдырудың ең ұтымды әдісі. Ендеше, гуманитарлық ғылымдарға көңіл бөлудің маңызы жоғары деген сөз. Бұған қоса, әлемнің озық елдерімен иық тірестіру үшін шетел авторларының еңбектерімен танысып, білім алу уақыт талабы. Ең бастысы, қазақ тілі ғылым мен білімнің тіліне айналып, ғылымға өзінше олжа салуға бағыт алады. Кеңестік білім беру жүйесінен біржола бас тартып, орыс тіліндегі емес, шетелдік ғалымдардың түпнұсқа туындыларымен танысуға мүмкіндік аламыз. Міне, нағыз рухани жаңғыру деген осы.

### «Тіл біліміне кіріспе»

Енді аударылған лингвистикалық кітаптарға зер салсақ. «Тіл біліміне кіріспе» деген атаумен жарық көрген кітап Гарвард, Оксфорд, Кембридж, Станфорд, Броун сынды әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытылады. 2014 жылы «An Introduction to Language» атауымен шыққан кітап Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хиамс сынды авторлардың бірлескен еңбегі. Аталмыш оқулық филолог мамандарға таптырмайтын туынды әрі линвистика ғылымына бет бұрған жастардың осы сала жайында алғашқы ойларын қорытып, бағыт беруді мақсат тұтқан. «W.W. Norton & Company» баспасынан шыққан бұл кітап 12 тараудан тұрады. Авторлар тіл ғылымы, фонетика мен грамматика, морфология және синтаксис мәселелері турасында баяндайды. Сондай-ақ, тілдік өзгеріс пен тілдерді үйрену, жазба тілдің құрылымы, тіл мен адам миы секілді тың деректерді де қамтып өткен. Бұл кітап аталған еңбектің оныншы басылымы болғандықтан, оқулықта айтарлықтай өзгерістер мен толықтырулар, соңғы деректер келтірілген. Жаңарған кітап оқырманның лингвистикалық білімін кеңейтіп, жүйелі білім алуына, профессор-оқытушылардың және студенттердің білуі тиіс лингвистикалық зерттеулермен танысуына да мүмкіндік береді. Бастысы тіл және тілдің қолданылуы кезінде орын алатын түйткілдерге жауап табылады. Ал оқулықтағы түрлі тапсырмалар білім алушылардың материалдарды қалай меңгергенін білуге мүмкіндік береді. Басылым ағылшын тілін үйренгісі келетіндер мен тілші ғалымдарға, филология факультетінің студенттеріне, тіл жанашырлары мен осы салаға қызығушылығы бар оқырманға арналып жазылған.

**Болат ҚОРҒАНБЕКОВ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты:**

**«Оқулықтардың аударма, кәсіби сараптама, ғылыми-көркем сараптама кезеңдері жүйелі іске асырылған»**

*Оқулық деген – халық санасын қалыптастыратын нәрсе. Әлем елдері жата-жастана оқитын оқулықтарды аудару арқылы білім мен ғылым саласындағы тың жаңалықтар мен тұжырымдарды жастардың санасына сіңіріп, дамыған мемлекеттермен тең ойлана алатын, бәсекеге төтеп бере алатын азаматтарды тәрбиелейміз. Негізі, аударма саласының қазақ тарихында жалпыға белгілі өзіндік кезеңдері мен тарихы бар. Мысалы, XIX ғасырда аударма саласына айтарлықтай үлес қосқан Абай, Шәкәрім, Ахметтердің пайым-парасаты кеңес уақытында қалыптасқан аудармалардан өзгеше. Себебі, олар көшпелі қазақтың бар болмысын, таным-түсінігін бойларына сіңірген. Петербургте білім алған Әлихан Бөкейханов, әскери академияны тәмамдаған Бауыржан Момышұлы да нағыз қазақы тәрбие көрген тау тұлғалар еді. Сондықтан олардың аудармаларында қазақы иіс, қазақы түсінік, ұлтқа сіңімді, бастысы ұғынықты сөздер болды. Ал, XX ғасырдың алғашқы жартысында кеңес үкіметінің саяси жүйесімен өмір сүрген халқымыздың аударма саласы жаңа сипатқа ие болды. Соның әсерінен аударма ахуалы алаңдатып, оны ұлт мүддесіне ыңғайлау ең өзекті мәселенің біріне айналды. Өйткені, орыс тіліндегі сөйлем құрылысы мен стилін қазақ тіліне тікелей аудара салу тенденциясы пайда болды. «Болып табылады», «жүзеге асырылады», «демек» деген сияқты сөз тіркестері әлі күнге қолданыста. Ал, «100 жаңа оқулық» жобасы осындай олқылықтардың алдын-алуға мүмкіндік береді. Бүгінде «үтір», «нүкте», «бастауыш», «баяндауыш» деп отырғанымыз, Байтұрсынұлының еңбегі, ал Күдерин 300 биологиялық терминді ұсынып кеткенін барлығы біледі. Олардың 90 %-ы қазір қолданыста. Қазіргі таңда терминология саласында ғалымдар арасында да, халық арасында да екіұшты пікір қалыптасқан. Бірі терминдерді «қазақшалау керек» десе, енді бір тарап «әлем халқы қалай қолданса, сол күйінде қалсын» деген пікірде. Қалай болғанда да бұл мәселеге атүсті қарауға болмайды. Сондықтан осы жоба арқылы тіл, терминология, аударма саласындағы бірқатар мәселелерге нүкте қойып алу керек.*

Еліміздегі іргелі оқу орны саналатын Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері ғылым мен техниканың тілін ағылшын тілінде оқуға мәжбүр екендіктерін күн сайын болмаса да, арагідік айтып отырады. Бұған мемлекеттік тілдегі мағлұматтардың аздығы, тапшылығы себеп. Әрине, қазақ тілі дәстүр мен мәдениеттің тілі ғана емес, өндіріске қажет, әлеуметтік салада етжеңді тіл ретінде қалыптастыруға тиіспіз. Ал, осындай үлкен қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін «100 жаңа оқулық» жобасы – таптырмайтын тың бастама. Бұл – әлемдік білімді ана тілімізде жеткізудің ең оңтайлы әдісі.

Аударылған кітаптар арасындағы лингвистикалық оқулықтардың қазақ тілі мен филология салаларында білім алып жүрген талапкер үшін қажеттілігі жоғары. Оқулықтардың аударма, кәсіби сараптама, ғылыми-көркем сараптама кезеңдері жүйелі іске асырылған деп айтуға негіз бар. Әсіресе, ғылыми сұрыпталған аударманы көркемдеу өте маңызды. Бұл кітаптарды оқырман қауымға түсінікті тілмен, бірізділікпен жеткізуге жол ашады. Өйткені, бүгінгі жастар аударма оқулықтарды ұнатпайды. Оған аударманың, сөйлем құрылымының түсініксіз әрі шұбалаңқы берілуі себеп. Мұндай сапасыз кітаптың әрі кетсе он-он бес бетін оқығаннан кейін оның түпнұсқасын оқығаным дұрыс деп шешім қабылдайсың. Ал, «100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған тілге қатысты кітаптардың тілі жатық, оқуға ыңғайлы, түсінікті екенін көріп отырмыз. Бұл аударма кітаптың мазмұндылығы мен сапасының жоғарылығын білдіреді. Кітапты қолына алып, ішінен керектісін іздеп табатындардың көп болатынын аңғартады.

### «Тіл және мәдениетаралық коммуникация»

Аударылған кітаптар арасында орыс авторларының да еңбектері кездеседі. Айталық, мәскеулік профессор Светлана Тер-Минасованың «Slovo» баспасынан екі рет шыққан «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» атты туындысы да «100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған. Алғаш рет 2000 жылы шыққан кітап кейіннен 2008 жылы қайта жарық көрген. Автор осы кітап арқылы ұлттар арасындағы тіл қатынасу, тіл табысу мәселелерін жүйелі түсіндіріп өтеді.

Түрлі мемлекетпен достық қарым-қатынас орнатуды көздеген Қазақстан үшін бұл кітаптың берері мол. Аты айтып тұрғандай, баспа ұлттар арасындағы ауызбіршілікті сақтаудың әдіс-тәсілдерін меңгертіп, оқырман қауымға шетелдіктермен тіл қатысу барысында ескеруі қажет жайттарды ашып көрсеткен. Ұлтаралық және мәдениетаралық байланыстардың еш кедергісіз беки түсуіне, сондай-ақ, саяси және экономикалық шектеуді ескермей тіл табысудың өріс алуын жоғарылату кітап авторының басты мақсаты. Әрине, мәдениетаралық коммуникация – қазіргі таңда әрбір салада жұмыс істейтін маманға, жалпы кез-келген адамға ауадай қажет. Сондықтан мемлекеттік тілде тұңғыш рет басылып отырған бұл кітап әр алуан ұлт, мәдениет өкілдерінің бір-бірімен ұғынысып, бір мәмілеге келуі үшін ненің маңызды екенін егжей-тегжейлі түсіндіруімен құнды. Кітап тілшілерге, дипломаттар және әлеуметтанушыларға, психологтар мен мәдениеттанушыларға, сонымен бірге, қызмет барысында ұлтаралық және мәдениетаралық байланыс мәселелерімен жүзбе-жүз келетіндерге арналған.

**Дамир ФАЗЫЛЖАН, философия, саясаттану және дінтану институтының кіші ғылыми қызметкері, дипломатия магистрі:**

**«Ұлттық сана арқылы ғылыми сананы қалыптастырушы түрткіжайт»**

*Бұл жобаның маңызы мен оны жүзеге асырғаннан болатын қоғамдық серпілістің (фр. resonance) ауқымын түсіну үшін мынадай мәселелерге назар аударған жөн: жаһандану мен ұлттанудың арақатынасын түсіну, ұлттық сананың маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі ғылыми сананы қалыптастырушы түрткіжайттар (ағылшынның «factor» сөзі), қоғамның технократтануы мен оны ізгілендірудің (ағылшынның «humanization» сөзі) өзектілігі, мемлекеттік тілдің ғылыми-тілтанымдық, ақпараттық базасын күшейтудегі аударманың рөлі. Әрине, жобаның маңызы бұл көрсетілген мәселелермен ғана шектелмейді. Дегенмен, осыларға қысқаша тоқталғандағы ерекше атау керек жайттардың байыбына бойлайық.*

Қоғамдық сананы зерттеген түрлі сала ғалымдарының еңбектерін тұжырымдай келгенде, «қоғамдық сана» деп аталатын объективті-абстрактілі құбылыс бөлшектенбейтін жүйесіз тұтасқан дүние емес, жалпы метафизикасының заңдылығына сәйкес, бұл да бөлшектенетін, өзара күрделі байланыстағы құрамдас бөліктердің жүйесі екені аңғарылды. Профессор Н.Уәли қоғамдық сананың мынадай түрлерін атап көрсетеді: тілдік сана, діни сана, ғылыми сана, саяси сана, құқықтық сана, экономикалық сана, эстетиклық сана, тарихи сана, ахлақтық (лат. moralis) сана. Бұлардың барлығы да ең алдымен әмбебап құрал – ұлттық тіл арқылы қалыптасады және біреуіне нұқсан келсе, қоғамның санасының жалпы ахуалының нашарлауына ұрындырады. Мәселен, ғылыми санасы ойсыраған немесе дамымаған қоғамда діни экстремизмнің өршеленуі, деструктивті қоғам элементтерінің күш алуы, т.б. осы сияқты теріс құбылыстардың етек жаюының қаупі зор. Сондықтан қазақ қоғамы мықты болу үшін қазақ тілі ғылым тілі болуы тиіс. Нақты айтқанда, Қазақстанда қорғалатын барлық ғылыми диссертациялардың қазақ тіліндегі нұсқасы қатаң талап етілуі тиіс, мемлекеттік тілдегі ғылыми басылымдар әралуандығы қадағалануы керек. Өйткені, жаратылыстану, техника саласындағы ғылыми ақпарат негізінен орыс тілінде ғана, жалпы орта білім беретін ұлттық мектептерде барлық тілдік емес пәндер тек ана тілінде оқытылуы қатаң қадағалануы тиіс. Олай болмаған жағдайда, қазақтың ғылыми санасы ағылшын не орыс тілінде қалыптасып, ұлттық санаға нұқсан келу қаупі бар. Міне, сондықтан да әлемдік ғылыми ақпарат қазақ тілінде игерілуі керек. Осы тұрғыдан алғанда «100 жаңа оқулық» жобасын үздіксіз толығып отыратын инновациялық білімдердің ашық базасына айналдыру маңызды деп санаймыз және ол болашақта тек қана гуманитарлық бағытты емес, ғылым мен техниканың, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтитын ауқымды жобаға ұласуы абзал.

Осы шараның мән-мағынасын терең түсіну жұртшылықтың арасында жаңа оқулықтардың насихатын жеткізуге ғана емес, сол сияқты бастаманың тұрақты түрде жалғасып отыратын дәстүрге айналуына да ерекше септігін тигізеді. Себебі Елбасының бұл игі бастамасы қоғамдық сананы үнемі ояу, сергек ұстау үшін қажетті жаңа білімдердің генераторы іспетті тоқтаусыз жұмыс істеп тұруы қажет. Сонда ғана қазақтың қара баласы күркешен күллі әлемге көз салып қана қоймай, сол әлемнен өз орнын ойып тұрып ала алады.













### «Тіл тарихы»

Ағылшын тіліндегі «The History of Languages: An Introduction» кітабы 2011 жылы «Oxford University Press» баспаханасында басылып шыққан. Қазақша баламасы «Тіл тарихы» деп аталады. Торе Джансонның бұл еңбегі Оксфорд, Стенфорд, Кембридж, Гарвард, Принстон сынды талай ғалым мен білікті кадрды шығарған жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларында қолданылады. Ал кітап авторы Торе Янсон 2000 жылы зейнетке шыққанға дейін Гетеборг университетінде шығыс және африка тілдерінің профессоры қызметін атқарған. Бұған дейін аталған оқу ордасында латын тілі профессоры және латын тілі тарихының әлемдік сарапшысы ретінде жұмыс істейді. Оның кітабы бүгінде халықаралық деңгейдегі оқылымы жоғары кітаптар қатарында.

Басылымда автор сөйлеу қалыптасқаннан бастап күні бүгінге дейінгі тіл тарихы сөз болады. Нақтыласақ, грек, қытай, латын, араб, ағылшын және испан, мысыр, португал, герман және славян тектес қолданыс аясы кең тілдерге жеке-жеке тоқталып, уақыт өте өзгеріске ұшыраған сәттерін де дәл әрі нақты дәлелдермен жеткізуге тырысады. Сонымен бірге, африканың тайпалары және австралиялық бушмендердің сөйлеу тілі хойсан және банту тобындағы майда тілдердің шығу тарихы мен ерекшеліктері туралы жазған.

***Анар ФАЗЫЛЖАНОВА, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты:***

***«Жылы жаңа емес, ғылымға жаңа дүниелер аударылса»***

*Тілдің мемлекеттік мәртебесі белгілі бір базаларға табан тірейді. Оларды профессор Бақытжан Хасанов былай көрсетеді: демографиялық база, ғылыми-тілтанымдық база, саяси-нормативтік база, әлеуметтік-мәдени база. Біз өз тарапымыздан мемлекеттік тілдің ақпараттық базасы деген ұғымды қосып отырмыз. Себебі ақпараттық кеңістіктегі тілдің қолданыс аясы мен мәдениеті де оның ресми мәртебесін жасауға, анықтауға тікелей қатысады. Мемлекеттік тілдің ғылыми-тілтанымдық базасына осы тілде сөйлейтін ұлттық-мәдени қауымдастықтың қоғамның барлық саласындағы сәтті коммуникациясы үшін қажетті ортологиялық, нормативтік, анықтамалық, ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық, ғылыми-дидактикалық, т.б. іргелі тілтанымдық көпшіліккөлді еңбектердің корпусы жатады. Бүгінгі қазақ тілінің сөздіктері, анықтағыштары, грамматикалары, тіл оқулықтары, тіл үйрету ғылыми курстары, әдістемелік құралдары біршама сауатты әрі кең көлемде жасақталды. Осылардың қатары қазақшаланған жоғарыда аталған шетелдік авторлардың іргелі еңбектерімен толықты. Себебі бұл еңбектерде отандық тілтанушының назарынан тыс қалып қойған тіл білімінің проблемасы болмауы мүмкін емес. Сол сияқты мемлекеттік тілдің мәртебесі ақпараттық базаның күштілігіне тікелей тәуелді десек, қазақ ғылыми ақпараты «100 жаңа оқулық» жобасының аударма мәтіндері арқылы жаңа білімдермен байығаны қуантады. Бұл еңбектер қазіргі әлемдік тілтанымдық ойдың көрінісі ретінде өзекті. Алдағы уақытта жоба бойынша тілтанымдық саладағы аудармалар заманауи, үздік әрі жаңа, сонымен бірге отандық тіл ғылымы үшін өзекті білімдерді көтеретін еңбектермен толығатынына және оларды таңдауда еліміздің тілтанушыларының мейлінше ауқымды қауымы қатысатынына үміттенемін. Олар «жаңа» деген ұғымның мағынасын шартты түсінбей, қазақ ғылымының дамуына сеп болатын дүниелерді аударуға септігін тигізді деп сенемін. Яғни, «100 жаңа оқулық» дегенге жылы жаңа немесе ғылымда айшықталып, зерттеліп, санаға сіңген дүниелерді емес, баспасы ескі болса да ғылымда толық ашылмаған, ғалымдар зерттемеген туындылардың аударылуына баса мән берілсе екен деймін.*

### «Тілдік инстинкт»

Өзінің ғылым жолындағы ұзақ жылғы еңбектері үшін ең жоғары марапаттарды алған Стивен Пинкердің 2007 жылы шыққан «Тілдік инстинкт» атты туындысы «100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған лингвистикалық кітаптардың бірі. Ғалымның «The Language Instinct: How the Mind Creates Language» оқулығы «Harper Perennial Modern Classics» баспаханасында басылып, жарық көрген. Бүгінде бұл кітапты мүйізі қарағайдай шетелдік университеттердің студенттері оқиды. Автордың бұдан басқа «Сөздер мен ережелер», «Ой маңызы», «Сана қалай жұмыс істейді?» атты кітаптары да бар.

Жоба аясында бұл кітаптың аударылуы да тектен тек емес. Себебі, автор әлемдегі тіл және сана ғылымында үздік ғалымдардың бірі әрі бірегейі болып саналады. Ал, ол жазған кітаптар өзінің ғылымилығымен ерекше. Әлемнің ең үздік оқу орны Гарвард университетінің профессоры дәл осы кітабы үшін Америка психология қауымдастығының және Америка лингвистика ұйымының арнайы сыйлығымен наградталған. Бұл классикалық бағыттағы туынды жұртшылық ойындағы тілге байланысты түрлі сауалға жауап береді. Ағартушы тіл білімі саласындағы тіл мен сананың қатынасы жайында тың жаңалықтар және ғылыми ортаның соңғы жаңалықтарын талдап, тілдің атқаратын қызметі қалай іске асатынын, сәбидің тілді қалай меңгеретінінен мысалдар бойынша дәлелдер келтіріп, дәйектемелермен нақты тұжырым жасаған.

***Сағымбай ЖҰМАҒҰЛ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты:***

***«Жоба ғылыми-көпшілік аударма ісіне серпін әкелуде»***

*Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осыдан екі жыл бұрын жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан бастау алған бұл жобаның қазақ оқырманына берері мол. Өйткені, бұл – гуманитарлық білім салаларының ең таңдаулы оқулықтарын және ғылыми еңбектерін ана тілімізге аударып, еліміздің іргелі жоғары оқу орындарының кітапхана қорларын шетелдік кітаптармен толықтыруды мақсат еткен бірегей жоба. Әрине, бұл ғылым тілін қазақшаландыру ғана емес, қоғамдағы күрмеуі көп мәселелерді шешудің оңтайлы әдісі іспетті. Біріншіден, жастардың әлемдік бестселлерлерге қол жеткізіп, білім деңгейлерін жетілдіруге жағдай жасайды. Ал, әлемдік мәдениетпен танысқан жас өскіннің ой-өрісі жоғары, танымы кең азамат болып қалыптасары анық.*

*Екіншіден, қазақ тіліне аударылған оқулықтар ешбір идеологиялық догматтардан аулақ әрі обьективті ғылыми стильде жазылуымен құнды. Кітаптарда дәстүрлі және жаңа заманғы тұжырымдар ешбір қоспасыз, әсірелеусіз жазылған. Бұл оқырмандардың кітапты оқи отырып өзінше ой қорытып, сыни ойлауына мүмкіндік жасайды. Ең бастысы ғылым саласынан мәлімет алады. Елбасы айтқан «Сананың ашықтығы» деген осы болса керек. Бағдарлама шеңберінде аударылған оқулықтардың көбісі белгілі бір ғылым саласындағы терминологияны қалыптастыруға жол ашуда. Беделді ғалымдар мен білікті филологтар құрамы жаңа терминдерді қалыптастыруда, кітаптардың аударылуында көп күш салып жатыр. Бұл жоба біраз кібіртіктеп қалған ұлттық терминжасам процесіне қозғау сала алса, бұл да – ұлттың рухани жаңғыруының бір белгісі деуге болады.*

*Оқулықтардың үшінші жаңалығы – бұл жоба жалпы қазақ тіліндегі кітап индустриясына, ғылыми-көпшілік аударма ісіне серпін әкелуде. Қазірдің өзінде түрлі ғылыми, ғылыми-көпшілік, әдеби және мотивациялық кітаптар шығаруға бет түзеген ұйымдар бой көтеріп жатыр. Бұл да болашақта тілдік ортаның сапалы, мазмұнды болуына, сол арқылы жалпы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге сеп болады деп үміттенеміз.*

***«100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған лингвистикалық кітаптар өзінің осындай маңыздылығымен ерекше. Тек ғалымдар мен тіл мамандарының ескертпелері мен көзқарастары кітаптарды аудару барысында және таңдау кезінде алдағы уақытта да ескерілсе.***

**Нұрбай ШӘКІМ**

Дереккөз: ***el.kz***

## ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

*2019 жылғы 28 тамыз* *№ 38/336* *Жезқазған қаласы*

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ 26 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ XXXI СЕССИЯСЫНЫҢ №31/284 «2019-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢГІР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

*Нормативтік- құқықтық акт Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қарағанды облысы әділет департаментінде 2019 жылғы 6 қыркүйекте нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5455 болып енгізілді*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 «2019-2021 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті туралы» (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5118 тіркелген, 2019 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік -құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде, 2019 жылғы 11 қаңтардағы №01 (8115) «Сарыарқа» газетінде, 2019 жылғы 18 қаңтардағы №2 (258) «Жезказганский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2019-2021 жылдарға арналған Кеңгір ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 65891 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 4024 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
трансферттердің түсімдері – 61867 мың теңге;

2) шығындар – 65891мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге,
оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – алу 0 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге, оның ішінде:
қарыздар түсімдері – 0 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге»;

аталған шешімнің 1, 4 қосымшалары осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

**Сессия төрағасы Д. ТАЖИБАЕВ**
**Қалалық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы С.ФИЛИПОВИЧ**

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамызындағы XXXVIII сессиясының №38/336 шешіміне 1 қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 шешіміне 1 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Кірістер | 65891 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 4024 |
| | 01 | | Табыс салығы | 280 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 280 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 3744 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 116 |
| | | 3 | Жер салығы | 83 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 3545 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 61867 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 61867 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 61867 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II.Шығындар | 65891 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 31902 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 31902 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 31902 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 31383 |
| 022 | | | | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 519 |
| 07 | | | | Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық | 30191 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 30191 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 30191 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 4643 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 25548 |
| 12 | | | | Көлік және коммуникация | 1398 |
| | 1 | | | Автомобиль көлігі | 1398 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1398 |
| | | | 013 | Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 1398 |
| 13 | | | | Басқалар | 2400 |
| | 9 | | | Басқалар | 2400 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2400 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді- мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2400 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | III. Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -0 |
| | | | | VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 0 |

| Функционалдық топ | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 16 | | | | Қарыздарды өтеу | 0 |
| | 1 | | | Қарыздарды өтеу | 0 |

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары | 0 |

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамызындағы XXXVIII сессиясының №38/336 шешіміне 2қосымша*

*Жезқазған қалалық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы XXXI сессиясының №31/284 шешіміне 4 қосымша*

## 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҒЫМДАҒЫ НЫСАНАЛЫ ТРАНСФЕРТТЕР

| № р/с | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Ағымдағы нысаналы трансферттер, барлығы<br>оның ішінде:<br>Азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге | 15300 |
| 2 | Теректі станциясының стихиялық қоқыс үйінділерін жоюға | 1153 |
| 3 | Кеңгір селосының көшелерін жарықтандыруға | 3326<br>10821 |

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік- құқықтық акті 06.09.2019 Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5455 болып енгізілді*

*Результаты согласования*

*ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» - Главный специалист - Юрист Айнагул Бакытовна Даулеткельдина, 28.08.2019 18:09:18, положительный результат проверки ЭЦП*

*ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» - депутат Станислав Валентинович Филипович, 28.08.2019 18:15:12, положительный результат проверки ЭЦП*

*ГУ «Аппарат Жезказганского городского маслихата» - депутат Даулет Мажитович Тажибаев, 28.08.2019 18:19:33, положительный результат проверки ЭЦП*

*Департамент юстиции Карагандинской области - руководитель департамента Асхат Нургазиевич Жусупов, 29.08.2019 18:11:18, положительный результат проверки ЭЦП*

*2019 жылғы 26 тамыз* *№ 37/329* *Жезқазған қаласы*

## «ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 6-бабының 1- тармағы 12-1 тармақшасына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2012 жылғы 28 маусымдағы VI сессиясының № 62 «Облыстың «қаланың, ауданның» Құрметті азаматы» атағын беру ережесі туралы» шешіміне және Жезқазған қаласы әкімдігінің ұсынған құжаттарына сәйкес қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

Жезқазған мысты өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан өз үлестері, қаланың қоғамдық өміріне белсенді атсалысқандары үшін «Жезқазған қаласының Құрметті азаматы» атағы

1. Әрібжан Салқымбековке
2. Амангелді Замекбайұлы Замекбаевқа
3. Аманкүл Қандылдақызы Оспановаға берілсін.

**Сессия төрағасы: А.ДОСАНОВ**
**Қалалық мәслихаты хатшысының м.а. С.ФИЛИПОВИЧ**

## ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

# АРҒАНАТЫ ТАУЫНДА ОРНАЛАСҚАН ТАС МҮСІНДЕР және БАЛБҰЛАҚ БҰЛАҒЫ

Ұлытау ауданының солтүстігіндегі тау сілемдері Арғанатының биік шыңынан қарағанда тау бірнеше қатпарлы белестерден тұрады және жынысы екі түрлі болып келеді. Маңында сарқырап ағып жатқан мөлдір су, ақтұңғиық, сарытұңғиық, түймешетен, мыңжапырақ, түймедақ сияқты емдік қасиетіне бай дәрілік өсімдіктер жерге әсем келбет береді. Арғанаты табиғатымен ғана ерекше емес, түркілердің орта ғасырдан қалған ғұрыптық тас мүсіндеріндегі ескерткіштермен де ерекше. Арғанаты сілемінің баурайынан VIII-XII ғасырларға жататын граниттен қашалып жасалған «адам» тас мүсіндері де кездеседі. Тас мүсіндер тізбегінің көрнекті бір тобы Арғанаты тауының қойнауларында, Ұлытаудан Атбасарға баратын үлкен қара жолдың маңайында кездеседі.

Бүгінгі күнге дейін Арғанатыда түркі обалары, орта ғасырлық қорғандар, неолит тұрағы және тарихи үңгірлер бар. Домбығұлдың етегіндегі үлкен қоныс орны соның дәлелі. Бұл жерді кезінде Ә.Х. Марғұлан мен Қ.И. Сәтбаев «Орда базар» қонысы деп атаған. Жергілікті тұрғындар «Домбығұл» қонысы деп те атайды. Осы жерден 10 км-дей жерде биік қырдың басында үңгір бар. Арғанатыдағы Бозай өзенінің төменгі сағасында «Жекешат» сайы бар. Осы жерден XIV ғасырға жататын тас мүсін табылған. Мүсіннің басты ерекшелігі – ол бұрынғы түркі дәуіріндегі салт-жоралғыдан басқаша, жаңа тарихи кезеңінің дәстүрімен қойылған. Мүсін кішігірім тас обаның түркі кезеңіндегідей шығыс жағында емес, солтүстік-батысына орнатылған. Мүсінші басына сәукеле киген, жаңа түскен жас келіншектің сұлу бейнесін кескіндеген.

Арғанаты бауырындағы тас мүсіндер – ежелгі көне дәстүрдің жойылар алдындағы соңғы бой көрсетуінің бір үлгісі.



# БАЙҚОҢЫР ПЕТРОГЛИФТЕРІ



Байқоңыр петроглифтері Ұлытау ауданы Байқоңыр ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 км, Балқымбай қыстағынан солтүстік-шығысқа қарай 200 м жерде орналасқан.

Қазақ даласының барлық аймақтарында кездесетін «өнердің көне ескерткіштері» және Ұлы даланың шөлді аймағында сақталып қалған гравюралардың бірегейі – Байқоңыр петроглифтері. Сарыарқаның ұсақ шоқылы даласының Бетпақдала атанған шөлейтінде солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Байқоңыр өзені ағады. Өзеннің бірнеше кішкене сағалары бар.Ерте замандарда бұл өзен арнасымен Ұлы Жібек жолының бір тармағы өткен. Бетпақдаланы кесіп өтетін керуендер өзен иірімдерінде ішерге су, малға от, демалысқа қолайлы сая тапқан. Жазық дала төсінде аялдап, биіктігі 15-20 м дейін жететін қара тастарға белгі қалдырған. Ол белгі бүгінгі ғалымдардың зерттеулеріне арқау болып, Балқымбай, Ақжар, Лақбай жартас суреттері деген атпен зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді. Сарыарқаның ұсақ шоқылы аймағындағы бұл петроглифтер топтамасы ғылымда «Байқоңыр петроглифтері» деп аталады.

Қола дәуірінде, ертедегі көшпелілер заманында ежелгі тайпалардың мифологиялық сюжеттері мен аңыз әңгімелерінің негізінде жасалған көп пішінді композициялар пайда болған. Ұлытаудың оңтүстік-батыс баурайында гранитті жартастарда көшпелі тұрмысты, түйелі керуенді, ат, түйе, шабандоздарды, жайылымдағы жылқы үйірін, сонымен қатар жабайы аң дарды: арқарларды, таутекелерді, құландарды тағы, басқаларды анықтап көрсеткен нүктелі әдіспен қашалған петроглифтер бар.

**«Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары», «Фолиант» баспасы, Астана – 2017**

## МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ

# «ӘДЕБИ АВТОБУС» АКЦИЯСЫ

***кітапхана оқырмандарын арттыруға мүмкіндік берді***

**Кеңгір селосындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №5 үлгілі кітапхана филиалының ұйымдастыруымен Кеңгір–Жезқазған бағытында қатынайтын №98 автобусында «Кітап– біздің досымыз» атты әдеби автобус акциясы өткізілді.**

Акцияның негізгі көздеген мақсаты – қазіргі көпшіліктің кітап оқудан қол үзбеу керектігін насихаттау, оқырмандар санын көбейту, қызығушылықтарын арттыру еді. Осы мақсатта ұйымдастырылған әдеби автобуста отырған жолаушы тұрғындар мен «Өркен» үйірмесінің ақ әжелері: Қуаныш Дүйсенбаева, Тілеужан Шәріпова, Бибігүл Әбілқасеновалар және мектеп оқушылары, студенттер қатысты. Жолаушыларға жаңа түскен кітаптар мен мерзімді басылымдар ұсынылды. Жолаушылар ішінен Ақсұңқар Искакова, Галина Рахимгалиева, Абылай Оразбаев, Эрик Огай есімді тұрғындар кітапханаға жаңадан жазылып, оқырмандар санын толықтырды. Жолаушыларға викториналық сұрақтар қойылып қанағаттанарлық жауаптар алынды. Автобустағы жолаушылар арасында Германиядан келген қонақтар да болды. Олар өз кезегінде кітапхана ұжымына алғыстарын білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді. Ақ әжелер әуелете ән шырқаса, оқушылар Эльвира Совет пен Дәурен Қаһарман жырдан шашу шашып, патриоттық рухты оята түсті. Жезқазған музыкалық колледжінің студенті Әділет Мақажанов эстрадалық әндерімен құлақ құрышын қандырды.

Осылайша, акцияның мазмұны көлемді, мақсаты ауқымды болды. Қызықты әрі жүйелі ұйымдастырылған жұмыс жетегінде қалаға қалай келгендерін де байқамай қалған жолаушылар кітапхана ұжымына шексіз алғыстарын білдіріп, әр аялдамадан қимастық сезіммен түсіп қалып жатты. Біз де өз кезегімізде әдеби акцияға белсене қатысқандары үшін ризашылығымызды білдіріп, үлгеріп қалдық. Жолаушыларға кітапхана визиткалары таратылды.

**Кәдікен МАҒЗҰМОВ,**
**Кеңгір селолық мәдениет үйінің меңгерушісі**

# КІТАП – БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

**Білім күніне орай орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Кеңгір селосында орналасқан №5 үлгілі кітапхана филиалында «Кітаппен бірге ержетеміз» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды.**

Саяхатты ұйымдастыруға №5 үлгілі кітапхана меңгерушісі Нәзира Тілеутайқызы мен кітапханашы Сәуле Сәдірқызы мұрындық болды. Саяхатшылар рөліне Кеңгір селосының №2 жалпы орта білім беретін мектебінің 3-4 сынып оқушылары мен сынып жетекшілері енді.

Саяхаттың жалпы мазмұны мен ерекшелігі және кітапхана ережесімен Нәзира Тілеутайқызы таныстырып шықты. Одан кейін кітапханашы Сәуле Сәдірқызы «Кітаппен бірге ержетеміз» атты көрмемен таныстырды.

Аталмыш саяхат оқушылар мен сынып жетекшілеріне мол мағлұмат беріп, бар білімдерін толықтыруға мүмкіндік берді. Шара соңынан сөз алған 4-сынып жетекшісі Дәмелі Мұратқызы кітапхана ұжымына өзінің жүрекжарды жылы лебізін білдіріп, алғысын жеткізді. Сонымен қатар, жыл бойы өз оқушыларымен бірге кітапханаға жиі келіп тұратындығын айтты.

Кітапхана рухани азық қана емес, сонымен қатар, тәрбие құралы екенін тілге тиек еткен кітапханашылар жас ұрпақты кітап оқуға ынтық болуға шақырып, кітап беретін білімді ешбір гаджет ауыстыра алмайтынын ұғындыруға тырысты.

**А.АХМЕТ,**
**Кеңгір селосының тұрғыны**

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Құрметті Мағзұмбек Машайықұлы!



Сізді 80 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз қашан да жайдары қалпыңызбен, кең пейіліңізбен айналаңызға шуақ шашып, жылылық сыйлап жүресіз. Жаратқаннан сіздің адамдық, адалдық деген асыл қасиеттерден айнымаған болмысыңызбен әлі де ұзақ жасауыңызды тілейміз. Сіздің Ұлытау тарихы, тарихпен тамырлас Ұлы дала аңыздары, осы сайын даланың дүбірлі оқиғалары мен даңқты тұлғалары туралы ой-толғамдарыңыз бүгінгі ұрпақ үшін де, келер буын үшін де құндылығын жоймақ емес. Сондықтан, жасай беріңіз, жаза беріңіз!

*Құрметпен,*

**Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газеті редакциясының ұжымы**

### Аяулы анамыз Күліш Доспайқызы Есенбаева! Туған күніңізбен құттықтаймыз!



Алла басып жүруді нәсіп еткен табаныңыздың астындағы қара жерді нығыздай басып, сеңгірлі сексеннің табалдырығын шаршамай баса беріңіз!

Ардақты ана, Сізге денсаулық тілей отырып, айналаңызға шуағыңызды шашып, ұзақ өмір сүріңіз демекпіз.

80 жасқа келдіңіз міне, бүгін,
Шуақ, нұрға көмкеріп жүрек үнін.
Бір парасын жолдаймыз әулеттегі,
Ағайынның асқар тау тілегінің.

Артқа тастап өмірдің ауыр жүгін,
80 жас жетті анашым, сізге бүгін.
Балбыратып бір сәтке балқытпай ма?
Еске түсіп, бал дәурен бала күнің.

Баршамызға бақытты өмір беріп,
Бойымызға орнаттың сенім берік.
Қашан болсын орын ап төрімізден,
Отыра бер көркейіп, көңілденіп.

Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз,
Сіз бар кезде асқармен теңесеміз.
Алшаң басып жүре бер арамызда,
Тарқамасын әрдайым берекеңіз.

***Ақ тілекпен:***

**абысыныңыз – Күлайша, Есенбаевтар әулеті.**

## Жезқазған шаһарының жылнамасы

### 1983 жыл

Халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің 20 сәуірдегі № 174/7 шешімімен Бейбітшілік даңғылынан басталып, қазіргі «Байқоңыр» қонақ үйіне дейін созылып жатқан көшенің бұрынғы «Металлург» аты өзгертіліп, ақын Мұса Жәлелдің есімі берілді.

Халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесі атқару комитетінің 20 сәуірдегі № 174/7 шешімімен қаладағы Абай, Сәтбаев, Бейбітшілік көшелерінің қиылысында орналасқан саяси-мәдени орынға «Металлургтер алаңы» атауы берілді.

Шілдеде Балқаш көшесіндегі арнаулы балалар емханасы сырқат балаларды қабылдауды бастады.

Халық депутаттары Жезқазған қалалық кеңесінің 10 қазандағы өкімімен облыстық музейге Ленин даңғылы, 22 (қазіргі Алашахан даңғылы) мекенжайдағы екі қабатты «Сарыарқа» дүкенінің ғимараты берілді.

Желтоқсан айында Жезқазған қалалық атқару комитетінің және республикалық көркемсурет көрмесі директорының бұйрығымен республикалық көрме залының бөлімшесі ретінде Көрме залы («Ғарышкерлер бульвары, 26) ашылды.

1 желтоқсанда Қазақ КСР мәдениет министрлігі көркем көрмелер дирекциясының көрме залы ашылды. Онда еліміз бен одақтас республикалар суретшілерінің, жергілікті қылқалам, ағаштан ою, қолданбалы өнер шеберлерінің туындылары көрсетілді.

3200 нөмірлік автоматты телефон стансасы, қалааралық телефон байланыстары қайта жабдықталып, іске қосылды.

Облыс кәсіпорындары 54 бұйымды мемлекеттік «Сапа» белгісімен шығарды.

Жезқазғанда республикалық жылжымалы кітап көрмесі ашылды.

### 1984 жыл

Сәуір айында КСРО ІІМ бұйрығына сәйкес Жезқазған қаласы кәсіптік өрттен қорғау бөлімінің негізінде әскерилендірілген өрттен қорғау отряды (ОПВО-8) құрылды.

30 мамырда Жезқазған қалалық өндірістік-техникалық байланыс орталығы жедел байланыс қызметінің сапасын арттыру мақсатында Жезқазған қалалық телефон-телеграф стансасы болып қайта құрылды.

8 маусымда Жезқазғанда бокстан Қазақ КСР-інің чемпионаты өтті. Оған республикамыздың он облысынан 100-ден астам боксшы қатысты.

29 шілде «Салют-7», «Союз-Т-11», «Союз-Т-12» ғылыми-зерттеу кешенінің бортында бірлескен жұмыстар бағдарламасын аяқтағаннан кейін ғарышкерлер Владимир Жәнібеков, Светлана Савицкая, Игорь Волк Жезқазған қаласының оңтүстік-шығыс жағында 140 км жерге қонды.

### 1985 жыл

1985 жылдың қараша айы мен 1990 жылдың наурыз айы аралығында қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Элс Өмірбекұлы Сүлейменов болды.

1985 жылдың наурыз айы мен 1988 жылдың желтоқсан айы аралығында қалалық атқару комитетінің төрағасы қызметін Геннадий Иванович Шатохин атқарды.

Сәуір айында «Джезказганец» футболшылары Қазақ КСР Министрлер кеңесінің жүлдесі үшін болған жарыста үшінші орынға ие болды.

7 мамырда Жезқазғанда жолаушылар үшін барлық жағдай мен мүмкіндіктер жасалған жаңа аэровокзал салтанатты жағдайда ашылды.

9 мамырда Жезқазған облыстық қуыршақ театрының тұсауы кесіліп, ашылу салтанаты өтті.

Мыс қорыту зауытына катод негіздерін жинаудың және престеудің автоматты жүйесі енгізілді.

Айдос-Үйтас жаңа су құбырының құрылысы басталды.

Ұлы Жеңістің 40 жылдығына арналып патриоттық және саяси әндерден облыстық байқау өткізілді.

69-орамда тоқыма бұйымдар тоқитын «Чудесница» ательесі ашылды.

№ 126 «Үйге арналған тауарлар» жаңа дүкені ашылып, қала тұрғындарын үлкен қуанышқа бөледі.

1985 жылдың бірінші тоқсанындағы мемлекеттік жоспарлар мен социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындау, өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттыру жолындағы облыс қалалары арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы бойынша Жезқазған қаласы жеңімпаз болып танылып, Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің, халық депутаттары облыстық советінің, кәсіподақтардың облыстық советінің және Қазақстан ЛКСМ облыстық комитетінің Ауыспалы Қызыл туымен марапатталды.

Облыстық телевизия орталығы жергілікті хабарларды түрлі-түсті бейнеде бере бастады.

Облыс орталығында облыстық музыкалық-драма театры үйінің іргесі қаланды.

**Жезқазған қалалық мемлекеттік архиві деректері негізінде әзірленді**

## АТАУЛЫ КҮН

# 13 ҚЫРКҮЙЕК – ТАРИХТА



1926 жылы 13 қыркүйекте АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Пеле музейінде алғаш рет мүйізтұмсықты көрмеде көрсетті.

1736 жылы дәл осы күні Челябинск қаласының іргетасы қаланды.

2007 жылы Алматы қаласында әйгілі жазушы Л.Қапашевтың «Мінгені Ерғалидың «Шайтанқара» атты кітабы жарық көрді.

2012 жылы 13 қыркүйекте Корея Республикасының басшысы Ли Мен Бактың Қазақстанға ресми сапары аясында қуаты 1320 МВт-тық Балқаш жылу-электр стансасының 1-модулінің құрылысын бастау рәсімі болды.

## МЕРЕЙ

# ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫ

### Мағзұмбек Машайықұлы 80 жаста

Ұлытауда Мағзұмбек бар. Айналаны шарлап, көнеден қалған мұраны іздеушінің де, бүгінгінің жаңалығын білгісі келген жазушы, журналист қаламгер ағайынның да көңіліне оралар – осы есім. Қазақ халқының хас батыры, 1410 жылы Мәскеуді қайта алып, ата-бабамыздың әруағын қайта көтерген Едіге батырдың да шырақшысындай болып отырған осы – Мағзұмбек. 1990 жылы Н.Көшекбаев деген ғалымның Едігенің басын ала қашқанда ел болып қайта жерлеткен де, бетін бір қабат таспен жапқан да осы – Мағзұмбек.

Он сантиметр тастың астында жатқан Едігенің сүйегін қорлауға ұшыратпай қайта жерлеу керек деп мәселе көтергенімде, әлдебір шенеунік-ғалымдар «Жоқ, оның мүрдесі тереңде жатыр» деп жалған ақпар бергенде, ақыры осы бізді ертіп шыңның басына шығып (денсаулық қандай), қалыңдығы бес-ақ сантиметрдей жалпақ тасты ашып, видеокамераға түсіріп, дәлелдеп берген де – Мағзұмбек.

Мағзұмбек – журналист, Мақаң – ақын. Бір газетте 55 жыл еңбек етіп, соның 40 жылында газетті басқарып, редактор болу – Қазақ елінде ешкімнің маңдайына жазбаған, пешенесіне сыймаған іс. Ұлытау ұлы ғой, ұлылығымен ұлын сақтай білген, ұлын шыңдаған, ұлын ақсақал еткен. Сондай елден сүйсінбейсің бе?!

Терісаққанда мектеп бітіріп, қарапайым жұмысшы, 1960 жылдан 67-жылға дейін шоферлық еткен Мағзұмбек ақындығымен танылып, 1967 жылы аудандық газетке шақырылған екен. 1973 жылы «Ұлытау өңірі» газетінің редакторының орынбасары, іле сол газеттің редакторы болып тағайындалған Мағзұмбек күні бүгінге дейін сол қызметінде талмай еңбек етіп келе жатыр.

Ақынның төрт кітабы жарық көрген екен. «Ұлытауда ұлар бар» деп сыр шертеді алғашқы кітабы. «Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?» дейтін еді-ау қазақ. Ұлытаудағы ұларды Мағзұмбектер көре алған, сүйінген, сыйынған. Әттең-ай, әттең! Келер ұрпаққа ұлардың аты ғана қалды-ау!

«Жүректе ар-ұят болсын» дейді келер кітап. Ақын Мағзұмбек:

Тойларыңды бөлініп тойламашы,
Ортақ бізге әжемнің қойған асы.
Татулыққа не жетсін тіршілікте,
Бір-біріңе жамандық ойламашы.
Өмір – алтын тірлікте ұямыз ғой,
Татулық – биік шығар қиямыз ғой.
Бірімізді-біріміз күндемелік,
Дүние кең бәріміз сиямыз ғой, – десе,

«Ұлытаудың жыр бұлағы» атты кітабында:

Бірлік – елдің көгенделер желісі,
Бірлік болса – бүлінбейді ел іші.
Қариялар – сол бірліктің қазығы,
Сарқылмайтын мол ақылдың кеніші, –

деп түйіндеп, өзі берік тұтқан ұстанымын үлгі етіп ұсынады.

«Сен мен үшін ақ қанат періштемсің» депті соңғы кітабын ақын. Бұл жыр кітабы өмірден ертерек өтіп кеткен жары Нұргүлге арналған екен. «Махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» деген ұлы Абай. Адам тірлігінің мәнді бір өлшемі – адал махаббат. Махаббат – пәктігімен мәңгі ұлы сезім. Махаббат өлген жерде хайуани сезім ғана қалады. «Мен сенің тұтқыныңмын» деген өлеңінде Мақаң:

Ғашықпын деу –өзіңе аз сияқты,
Сүйемін деу – жай ғана наз сияқты.
Сен жоқ жерде тұрғандай шілде қыс боп,
Сен бар жер де ақпан да жаз сияқты, –

деп төккен сезімі ұлы Мұқаңның (Әуезовтің) Кәмилаға жазған «Тең көрдім орыныма орыныңды» дегенін еске түсіреді. Артық сөз жоқ, «күйемін», «сүйемін» деген артық-ауыс төгілу жоқ. Қазақ бабамыз махаббат сезімін де астарлап бере білген ғой.

Осы кітаптағы «Жұмбақ келіншек» деген өлеңінде уақытша сезімге беріліп, кездесуге барған жігіттің алдамшы жалғанның торына түсіп, өз келіншегінің қолына ілігіп қалғандағы түйіні ерекше.

Аты-жөні белгісіз бір келіншек,
Телефондап тұрады күнделікті», – еді-ау басы.

Келіншек кездесуге шақырады. Кездесуге келгенде ол өзінің жары болып шығады.

Лебің өртеп барады, жалын екен,
Деуші едім мен алаулап жанып өтем.
Кездесуге алқынып келіп тұрған,
Ұят-ай, бұл өзімнің жарым екен.

Ең соңы:

Көрмес адам – түйені көрмейді екен,
Кейде адам көлде жүріп шөлдейді екен.
«Кетейік», – деді, басқа ләм демеді,
Ұяттан бірақ адам өлмейді екен.

Ия, бұл – отбасының, ұясының бүтіндігін уақытша алжасудан жоғары қоятын қазақ әйелінің ғажайып шешімі. Бұл – дызалақтаған осы күнгінің жас әйелдерінің сезімі емес, ұлы сезімді құрметтей білген, қорғай алған, кешіре де білетін шын болған қазақы әйелдің ірі бейнесі.

Мағзұмбек ақынның тап бүгінгі аласапыран тірлікте әркімнің өзіндік ұлы мақсатын айқындай алмай жүргендерге де айтары да көп. Соның бірі – «Бақыт деген байлықпен өлшенбейді» деген өлеңі. Талайлар бай болам деп жанталасып жатыр, ың-шыңсыз банктен тонап алу да, баққан малын айдап кету де – бүгінде жетерлік. Бақытты солай тапқандар баршылық. Ал, Мақаң ақын:

Кедей сорлы бай болып көрсем дейді,
Содан кейін арман жоқ, өлсем дейді.
Дер едім мен оларға олай деме,
Бақыт деген байлықпен өлшенбейді.
Қиындыққа кездескен жасымаған,
Сол әне, нағыз мықты, асыл адам.
Байлық, бақыт – бәрі де табылады,
Денің сау, болса егер басың аман, – деп

қазақы уәжбен тоқтам айтады.

Ұлытаудың әр шоқысы, сылдырап аққан бұлағы – тұнып тұрған тарих. Сол тарихты, көне шежіре-аңызды бабалар бүгінгі күнге дейін жеткізсе, сол үрдісті жалғастырушының бірі – Мағзұмбек. «Ұлытауым, сен ұлысың!» атты өлеңі осы сөзіміздің куәсіндей:

Көшесіз, көне астанам,
Құпияң көп ашпаған.
Қазақтың құтты мекені,
Берекесі қашпаған, – деп тебіренеді

ақын.

Алаша хан да, Жошы хан да осында. Әлемді дірілдеткен Әмір Темір де, ол із қалдырған Алтын шоқы, ел қамын жеген Едіге, Хан Тоқтамыс, Абылай атбасын тіреген ордалы мекен де осы жырда көркемдік сипатын тапқан.

Өмір жолында газеттен қол үзбеген, берекелі тірлік ете білген Мағзұмбек Машайықұлы 2004 жылы Мәдениет және ақпарат министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталса, 2005 жылы БАҚ-қа «Ең озық материал, айдар, бет үшін» берілетін Гран-при бәйгесін алған.

Ол – Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, «Абай», «Шәкәрім» медальдерінің иегері,



Қазақстанның Құрметті журналисі.

Едіге шыңына өрлеп келеміз. Сейітжан достың қалтафоны шыр ете қалды.

– Ия, ия. Мына Жүністегі ғарышқа сүйреп келеді, – дейді Сейітжан.

– Зорлап келесің. Осы зорлығыңды ұмытпаспын, – дейді Мағзұмбек ақын.

– Бізді зорлап келе жатқан Едігенің аруағы, қазақтың намысы, – деймін күліп. Шыңның басындамыз. 2007 жылы Едіге батыр мен Тоқтамысқа көктас қойылыпты. Мағзұмбек дұға оқыды да, көз жетер алақанға салғандай көрініп жатқан сағымды далаға ұзақ-ұзақ үңіле қарады.

Ақындығымен елге танылған Мағзұмбек досым қара сөзден де қаймағын қалқиды. Соның дәлелі – «Қайдасың, құлыным?» атты кітабының жарық көруі. Бір әңгімесінде «Ханзаданың қалыңдығы» деп алыс қалған «Қайдасың, махаббат?» деген ауылға сүйрей жөнелсе, енді бірінде «Қайдасың, құлыным?» деп ішкі сезімінің шерін тарқатады. «Қанды бұлақ хикаясы да» өзінді еріксіз жетелейді. «Айдаһардың үңгірі», «Жұмбақ көл» хикаялары да – өмірдің тұңғиығына қарай, қысқа ғұмырға ойлана қарауға бағыттайтын шығармалар. Адал достықты айта келіп:

Жаманға еткен жақсылық зая кетер,
Сәл нәрседен жалт беріп, тая кетер.
Өзің берген сүйек деп балдағыңды,
Өзіңді ұрып жығатын таяқ етер, – дей

келіп:

Сан жыртылып көңілім, жамалды мың,
Көріп кейбір пенденің жамандығын.
Жақсы болсын, ой мейлі, жаман болсын,
Тілеймін жан біткеннің амандығын, – деп

өзінің даласындай дархан, кең пейілін, нағыз азаматтық болмысын көрсетеді. Бұл – ұрпаққа үлгі боларлық тұжырым емес пе?

Сексеннің шыңына шыққан абзал азаматты осы бір жаңа туындыларымен құттықтағымыз келіп отыр.

Сексен – жиырма бестен алыстағанымен, сірескен кәрілік емес. «Кәрілік» деген сөз Мақаңа келіспейтін сияқты. Елін сүйген, Ұлытауын сүйген азаматтың әлі де талай айтары бары даусыз.

**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,**
**жазушы, «Құрмет» орденінің иегері**

# БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕЛЕР

### қала күнінің сәнін кіргізді

**Қазақтың қай тойы болсын бәйгесіз өткен бе?! Сондықтан, Алаш алаңында ұйымдастырылған спорттық ойындар қала мерейтойын айшықтай түсті. Қазақ күресі, марқа көтеру мен қол күресі және гір тасын көтеру сынды ұлттық ойындармен қатар өткен марафонға қатысу үшін еліміздің түпкір-түпкірінен берісі Ұлытаудан, арысы Алматы облысынан спортшылар арнайы жетті. Тартысты ойынды тамашалап, жанкүйерлік танытқан қала тұрғындарын Жезқазған қаласы әкімі аппаратының жетекшісі Ержан Есетов құттықтап, қара күш иелері мен балуандарға, сондай-ақ, жылдамдығы көз ілестірмейтін желаяқтарға сәттілік тіледі.**









Көп көз тіккен қазақ күресінен республикалық турнир төрт салмақ дәрежесі бойынша өтті. Бір қуантарлығы мысты өлкенің намысын қорғаған балуандардың бағы жанып, жеңіс тұғырынан көріне білді. Атап айтқанда, Әділет Саяжанов, Жандос Қайсаров, Бекзат Ермеков пен Нұрлы Сағынтай қарсыластарының жауырынын жерге тигізіп, жүлделі I орынды қанжығаласа, Рахат Ұзақ, Байжол Сұлтанбай күміс жүлдегер атанды. Жеңімпаздар арасынан табылған жаңаарқалық Алмас Мақажанов 80 келі салмақ дәрежесінде II орынға қол жеткізіп, түйе балуандармен кездесті. Жезқазғандық Нұрлы Сағынтайға есе жіберіп, тағы да күміс жүлделі болған Алмасқа марқа көтеруде ешкім тең келмеді. Ол марқаны 136 мәрте көтерді. Қазіргі таңда шәкірт тәрбиелеп, өңірде каратэ жекпе-жегін дамытуға үлес қосып жүрген Нұрбек Сейітмағанбетовтің ұпайы сәл жетпей, II орынға табан тіреді. Ал, гір тасын көтеруде Ерден Кукеновтің, Александр Рамашев пен Мақсұт Айтуғановтың күші басым түсіп, алтыннан алқа тағынды.

Екінші мәрте өткізілген марафонға қатысуға ниет танытқандардың да қарасы қалың болды. Әсіресе, бір шақырымдық «Аспан» жүгірісіне қатысамын деген 10-18 жас аралығындағы жасөспірімдер белсенділік танытты. Қала мектептері мен колледж оқушылары қатысқан бұл марафонда ұлдар арасында Герман Аргин, қыздардан Виктория Фалеева мәреге бірінші жетті. 3 шақырымдық «Достық» марафонына қатысқандар да намысты қолдан бермеуге тырысты. Дегенмен, жүлделі I орын сәтбайлық Надежда Носованың еншісінде кетті. Үздік бестіктің қатарына табылған Ақгүл Сансызбаева:

– Осыдан екі жыл бұрын ұйымдастырылған марафон өз заңды жалғасын тапқаны қуантарлық жағдай. Бүгін біздің жастармен иық тіресе стартқа тұруымыздағы басты мақсат спортпен шұғылдану қай жаста болсын қолжетімді әрі керек екенін ұғындыру болып табылады. Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа үлгі көрсету болмақ еді,– деп барлық қала тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Жасы елуден асса-дағы біраз жасты шаң қаптырған Ақгүл Сансызбаева №1 орта мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ береді.

Ерлерге арналған 21 шақырымдық «Алтын күз» марафонының жеңімпазын жанкүйерлер үлкен толқыныспен күтті. Көбісі «желаяқ жезқазғандық атанса ғой» деп тіледі. Дегенмен, бас жүлде қарағандылық Саят Смағұловқа бұйырды. Күніне 1,5-2 сағат жүгіріп, жаттығамын деген ол еліміздің әр өңірінде өтетін марафондарға қатысып, жүлде алып жүр. Алдағы күндері Елордада өтетін бәсекеде бағын сынауды жоспарлағанын айтқан ол Жезқазған қаласының өркендей беруін тіледі.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан спортшыларға ақшалай сыйлықтар мен дипломдар табыс етілді.

**Бота ШАЛҚАР**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**